Оразалы СӘБДЕН, ***Қазақстан Ғалымдар одағының президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, академик:***

«ЕСКІ СҮРЛЕУДІҢ СОҢЫ – ТЫҒЫРЫҚ»

5-*бет*

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№7 (3435) 25 қаңтар 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БӘСІ ЖОҒАРЫНЫҢ БАҒАСЫ БИІК

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың дербес саяси ұйымы, яғни партиясы пайда болуы мүмкін. Бұл туралы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Әділет министрі Қанат Мусин депутаттар сауалына жауап беру барысында мәлімдеді. Жиында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына және «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгеріс енгізу туралы» заң жобалары қаралған болатын. Заң жобаларын қорғаған Әділет министрі Қанат Мусиннің айтуынша, мақсат – биліктің өкілді тармағында әйелдердің және жастардың, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың да қатысуын қамтамасыз ету және пікірін ескеру, оларды мемлекеттің тыныс-тіршілігіне белсенді жұмысқа тарту.

(Жалғасы 3-бетте)

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»: АТЫ ДАРДАЙ, ҚАДІРІ ҚАНДАЙ?

3-*бет*

ТҮРКІСТАНДАҒЫ ТЫЛСЫМ ТҮН

8-*бет*

АЛТЫН КӨМБЕ

ТАРИХИ ЖЕРЛЕР – ҚАЗАҚТЫҢ ТАМЫРЫ

Мәдениет – туризмнің өзегі

Ес біліп, етек жапқан күннен бастап адам баласының өмір бойы ойынан шықпай, қиялынан кетпейтін бір арманы болса, ол – ел аралап, жер көру екені күмәнсіз. Қоғам дамып, ел мен елдің арасындағы қарым-қатынас түзеліп, бейбіт өмір салтанат құрған уақытта бұл арманды жүзеге асыруға әрдайым мүмкіндік те көбейе түседі. Бүгінде әлем жұртшылығы есімін құрметпен атайтын Эйрик Торвальдсон, Лейф Эрикссон, Марко Поло, Христофор Колумб, Америго Веспуччи, Васко да Гама, Фернан Магеллан, Джеймс Кук, Роберт Фолкон Скотт, Руаль Амундсен бастаған әлемнің әйгілі саяхатшыларының тізімінде Шоқан Уәлихановтың болуы біз үшін зор мақтаныш.

Ғылым мен технология қарыштап дамып, жаһандық ықпалдастық өмірімізге дендеп енген қазіргі кезеңде ешкімді ешнәрсемен таңғалдыра алмайсыз. Адамдар ғарышқа саяхаттап жатқан кезде, біреу ұшақпен азанда Алматыда, түсте Токиода, кешке Нью-Йоркте ас іштім десе ешкім оған күмәнданбайды. Олар тек әлемдегі түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің жүздеген-мыңдаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан архитектуралық, тарихи, мәдени мұрасы мен ұстанатын салт-дәстүрі, өнері, тілі, ұлттық киімі мен күнделікті тұтынатын ас-суына ғана қызығушылық танытуы мүмкін. Сондықтан туризмнің пайдасын көрген жұрттың бәрі өзіне саяхатшыларды көбірек тарту үшін барын жаңғыртып, жоғын түгендеп түрлі іс-шаралар өткізуде. Мәселен, біреулері арнайы фестивальдер мен конкурстар өткізсе, екіншілері демалыс пен ойын-сауық орталықтарын құруда, үшіншілері музейлер, этноорталықтар жасап, ата-бабаларының байырғы өмірі мен тіршілігін көрсетіп, оны табыс көзіне айналдыруға күш салуда. Бұл үрдістен біз де тыс қалмадық. Туризм саласын дамыту бойынша 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама да қабылданды. Мақсат – туристер қызығатын орындарды дамыту және еңбек ресурстарын тарту; ішкі және сыртқы туристік ағынды өсіру; салаға тартылатын инвестицияны ұлғайту; көрсетілетін қызмет пен өнімдердің қолжетімділігін және сапасын арттыру.

Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті басшылық жасайтын бұл салаға бюджеттен бөлінетін қаржының көлемі де жыл өткен сайын өспесе, кеміп жатқан жоқ. Статистика бойынша көрсеткіште оң өзгеріс бар. Алайда оған қанағаттануға әлі ерте дейді Ұлттық туризм индустриясы қауымдастығының басшысы Раушан Шәмілқызы. Оның айтуынша, коронавирус індетінің таралуына байланысты енгізілген карантиндік жағдай оны тағы дәлелдеді. Сыртқа шығу шектелген кезде ішкі туризмде біршама оң өзгеріс байқалғанымен, ол көңілге толық сенім ұялата алған жоқ. Өйткені, елімізде туризм бойынша ұсынылатын қызмет сапасы мен өнім түрлерінің жалпы халыққа қолжетімділігі жағынан сала көшбасшыларынан әлі де артта қалғандығымыздан карантин талаптары қайта жеңілдеген кезде қазақстандықтардың қайтадан сыртқа қарай ағылуы байқалды. Мұның басты себебі елдегі туризм индустриясының білім, мәдениет, медицина, спорт сияқты салалармен арадағы байланысының әлі күнге дейін бір жүйеге түспеуі.

(Соңы 4-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫ

ШЕШІМДІ ОРЫНДАСА – ЛАҒНЕТ, ОРЫНДАМАСА – РАҚМЕТ АЛАДЫ

Сот орындаушы берешекті өндірсе – лағнет, қарызын алып берсе – рақмет айтады. Мұны біреудің тапсырысымен немесе жеке сот орындаушыларға жағыну үшін айтып отырған жоқпын. Себебі, мен борышкер емеспін, тек кезінде талай шарасыз азаматтың жеке сот орындаушылар көмегімен берешегін қайтарғанын көзім көрді.

(Соңы 2-бетте)

САРАП

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН СОТҚА ДЕЙІН ЖЕТКІЗБЕЙ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Ұжымдық еңбек дауларын жұмыс берушінің шешуі мүмкін болмаған жағдайда – татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігі, онда реттелмеген мәселелерді соттар қарайды.

Бауыржан ТОҚБАЕВ, Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы

Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, жұмыскерлер мен жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі арасындағы келісімдердің, ұжымдық және еңбек шарттарының, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша талаптары жұмыскерлердің жалпы жиналысында қалыптастырылады және бекітіледі. Жұмыскерлер жиналысының шешімі, егер олар ұсынған талаптарды қолдап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Жұмыскерлердің талаптары жазбаша нысанда жазылады және жұмыс берушіге, жұмыс берушілер жиналысы өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде жіберіледі. Көрсетілген талаптарды әртүрлі жұмыс берушілердің жұмыскерлері қойған жағдайда, бұл талаптарды кәсіптік одақтардың салалық немесе аумақтық бірлестіктері не жұмыскерлер уәкілеттік берген өзге де жеке және заңды тұлғалар ұсынуы мүмкін. Жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі жұмыскерлердің талаптар қою жөнінде жиналыс өткізуіне кедергі келтірмеуі керек. Жұмыскерлер талабын шешу мүмкін болмаған кезде, олар татуластыру рәсімдері тәртібімен қаралады. Тараптар ұжымдық еңбек дауын қараудың кез келген сатысында делдалға жүгіне алады. Делдалдық рәсім татуластыру комиссиясындағы, еңбек төрелігіндегі татуластыру рәсімдеріне қарағанда дербес болып табылады және солармен қатар жүргізілуі мүмкін. Әрине, кез келген дауды ұшықтырмай, мейлінше сотқа жеткізбей шешудің пайдасы орасан. Бұл еңбек дауларына да қатысты. Сот тәжірибесінен байқағанымыздай еңбек даулары көбінесе жұмыс беруші мен жұмысшының құқықтық сауатының кемдігінен, заң талаптарын дұрыс сақтай білмеуінен орын алып жатады. Жұмыс берушілер мен жұмыскер арасында жалақы мен еңбек жағдайларын жақсарту бойынша даулар туындайды.

Дегенмен, кез келген мәселені өзара келісіммен реттеудің жолы қай кезде де бар. Бұл тәртіп еліміздің Еңбек кодексінде де қарастырылған. Оған сәйкес еңбек даулары орын алған жағдайда келіспеушілік бірден сот қарауына берілмейді. Алдымен дау келісім комиссиясының назарына ұсынылады. Келісу комиссиясының шешімі орындалмаған жағдайда ғана дау сотта қаралады. Яғни, келісу комиссиясы – еңбек дауын сотқа дейін реттеудің міндетті сатысы.

Татуластыру комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган болып табылады. Татуластыру комиссиясын құру туралы шешім жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі өз шешімін жұмыскерлердің назарына жеткізген не хабарламаған не ұжымдық келіссөздер барысында келіспеушіліктер хаттамасын жасаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданады. Ұйымда жұмыскерлердің бірнеше өкілі болған кезде, олар комиссия жұмысына қатысу үшін бірыңғай өкілді орган құрады.

Жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі татуластыру комиссиясының жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасайды. Татуластыру комиссиясы жұмыскерлер талабын ол келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қарайды. Талаптарды қарау тәртібі, қараудың көрсетілген мерзімін ұзарту тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді. Татуластыру рәсімі процесінде татуластыру комиссиясы жұмыскерлермен, жұмыс берушімен, жұмыс берушілер бірлестігімен, мемлекеттік органдармен және өзге де мүдделі адамдармен консультациялар жүргізеді. Комиссияның шешімі тараптар келісімінің негізінде қабылданады, тараптардың өкілдері қол қоятын хаттамамен ресімделеді, тараптар үшін міндетті күші болады және татуластыру комиссиясының шешімінде белгіленген тәртіппен және мерзімінде орындалады. Тараптардың біреуі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, басқа тарап хаттамада тиісті жазба жасайды. Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал дауды шешу үшін еңбек төрелігі құрылады. Еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауының тараптары татуластыру комиссиясының жұмысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құрады.

Татуластыру комиссиясының жұмысы нәтижесіз болған кезде еңбек төрелігін ұжымдық еңбек дауының тараптары комиссиясы жұмысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құрады. Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның дербес құрамы, еңбек дауын қарау тәртібі тараптардың келісімімен тепе-теңдік негізде айқындалады. Еңбек төрелігі кемінде бес адамнан тұруы тиіс. Оның құрамына мемлекеттік еңбек инспекторы кіреді. Дауды қарау рәсімін еңбек төрелігі айқындайды және ол ұжымдық еңбек дауы тараптарының назарына жеткізіледі. Еңбек төрелігінің шешімі ол құрылған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады. Еңбек төрелігі мүшелерінің дауыстары тең бөлінген кезде төраға дауысы шешуші болып табылады. Шешім уәжді болуға, жазбаша нысанда жазылуға және оған төрелік мүшелерінің барлығы қол қоюға тиіс. Еңбек төрелігінің шешімі ұжымдық еңбек дауы тараптарының орындауы үшін міндетті. Ал шешім белгіленген мерзімде орындалмаса, тараптардың дауды сот тәртібімен шешуге құқығы бар.

Тағы бір байқалатыны, бізде жұмыс берушінің заңсыздығын көре тұра өз құқығын қорғауға тырыспайтын азаматтар баршылық. Олар ең алдымен өзінің құқықтық сауатының кемдігінен осындай әрекетке барады. Екіншіден, көпшілігі құзырлы орындар қарапайым жұмысшы мүддесін қорғайды дегенге сене бермейді. Осыған орай, Жаңаөзен қалалық сотының ұйымдастыруымен үнемі құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады. Азаматтардан көп түсетін сауал, өтініш, ұсыныстарға арнайы мониторинг жасап, әлеуметтік желілер мен БАҚ арқылы оған жауап қайтаруды тұрақты дәстүрге айналдырдық. Карантин жағдайына қарамастан бүгінде азаматтарды қабылдау ісі онлайн өтіп келеді. Мұның барлығы халықтың сауатын көтеріп, сотқа деген сенімін арттырары анық.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫ

ШЕШІМДІ ОРЫНДАСА – ЛАҒНЕТ, ОРЫНДАМАСА – РАҚМЕТ АЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жеке сот орындаушылардың айлығы борышкерлерден өндірілген сома есебінен шығарылады. Кейбір борышкерлерді күндіз шырақ жағып іздесең де таба алмайсың. Қарызын өз еркімен төлеуге ешкімнің құлық танытпайтыны бесенеден белгілі. Сонда олардың қаражаты неден құралатынын есептеп шығу қиын емес, десек те, имандылықты ту етіп ұстаған жеке сот орындаушылар өз қалтасынан ақша шығарып, жұмыссыз жүрген А деген азаматтың отбасына көмек көрсетіп, қант-шайын, ұнын әпергенін қалай айтпассың.

Тағы бір айтарым, жеке сот орындаушылар – Берік Мырзақұлов пен Олжас Омаров, Мақсат Жеткеров, Сәкен Рысбеков, Дидар Ибрагимовтар адамдарға қайсыбір мәселені заң жүзінде шешу қажет болған кезде қолынан келген жәрдемдерін көрсетуден жалықпайды.

Орайы келгенде, мына бір оқиғаны айтпай кетуге болмас. Жеке сот орындаушылар анасынан баласын алып кеткен әкені іздеп, сот шешімін орындау мақсатында шалғайдағы ауылдың біріне барады. Іздеген адам жоқ болғанымен, бала үйде екен. Сот шешімін көрсеткен жеке сот орындаушылар апасының қарсылығына қарамастан, баланы анасына қайтармақ болады. Мұны естіген баланың әкесі сот орындаушылардың артынан қолына қару алып қуады. Бірақ сот орындаушылар оны адастырып, баланы анасының қолына аман-есен тапсырады.

Бұл мақаланы жазуыма Ютуб арнасындағы жеке сот орындаушыларды жерден алып-жерге салып жамандаған бір мысал түрткі болды. Ал мақаланың тақырыбын жоғарыдағыдай «Сот орындаушыға: берешегін өндірсе – лағнет, қарызын қайтарса – рақмет айтады» деп келтіруіміздің себебі сол. Сондықтан жеке сот орындаушылардың заң аясында жұмыс істеп, тек сот шешімін басшылыққа алатынын ұмытпаған абзал.

Түркістан облыстық жеке сот орындаушылар палатасының төрағасы Мақсат Зұлпықарұлы әр жиналыста «Аққа құдай да жақ, жігіттер! Біздің қызметте ең бастысы сабырлылық, мәдениеттілік қажет. Сонда ғана көздеген мақсатымызға жете аламыз», – деп өз қызметкерлерін парасаттылық пен сабырлылыққа шақырып отырады.

Ілияс АХМЕТОВ
Төле би ауданы
Леңгір қаласының тұрғыны

Сұраңыз, жауап береміз!

РАҚЫМШЫЛЫҚ – ЖАҢА ӨМІР БАСТАУҒА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде елімізде 8 мәрте рақымшылық жасалған. Соның кейінгі төртеуі Тәуелсіздік күніне орай жасалған екен. Қазіргі таңда елімізде барлығы 64 түрме мен 16 тергеу изоляторы бар. Онда 34 мың азамат қамауда отыр. Олардың 93% ауыр және аса ауыр қылмыс жасағандар. Бостандыққа тек ауырлығы орташа заңбұзушылық жасағандар шығады. Бүгінде 2 мың 236 адам рақымшылыққа ілінуден үмітті. Енді бір мың сотталған абақтыдан босатылса, қалған мыңнан астамының жазасын өтеу мерзімі қысқартылады. Сондай-ақ, пробацияда тіркеуде тұрған 11 мыңнан астам қылмыскердің жазасы жеңілдесе, тағы 1 294 адамның жазасын өтеу мерзімі қысқарады. Үстінен тергеу ісі енді басталған 1 674 азамат қылмыстық жауапкершіліктен мүлде босатылуы мүмкін.

Редакциямызға рақымшылыққа байланысты жолданған сауал көп. Оқырман сұрағына Түркістан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің аға инспекторы әділет майоры Сәбит СОПИЕВ жауап берді.

* * *

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай кімдерге рақымшылық жасалады, қай санаттағы сотталушыларға жеңілдік қарастырылмаған?

Сәуле АҚБЕРГЕНОВА
Түркістан облысы

– Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай қабылданған рақымшылық заңына сай ардагерлерге, кәмелетке толмағандарға, жасы үлкендерге, I және II топтағы мүгедектерге, қоғамға қауіп төндірмейтін адамдарға жеңілдік беріледі. Заңда жеңіл және орташа ауырлықтағы қылмыс жасағандарды, залал келтірмеген немесе залалды толық өтеген, мемлекет пен азаматтардың қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтін сотталушыларды жазадан босату ұсынылған. Сондай-ақ, кейбір сотталушылар үшін негізгі жазаның мерзімі мен мөлшері қысқарады. Аталған топтағы адамдар тобын қарау кезінде келтірілген залалдың толық өтелгені, сондай-ақ осы заң қолданысқа енгізілген күні жазасын өтеуге бір жылдан көп емес уақыт қалғаны, теріс мінез-құлық танытпағаны ескеріледі. Өз кезегінде, жергілікті атқарушы органдар еңбекке жарамды адамдарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ түрмеден босатылған кезде әлеуметтік және басқа да көмек көрсету бойынша шаралар қабылдауы тиіс. Бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, жүкті әйелдерді, сотталған, ата-ана құқығынан айырылмаған және осы заң қолданысқа енгізілген күні кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы деп танылған және ата-ана құқығынан айырылмаған әйелдерді де назардан тыс қалдырмады. Заңда қылмыстық теріс қылық жасаған және залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген азаматтар мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін онша ауыр емес, сондай-ақ ауырлығы орташа қылмыс жасаған сотталушыларды жазадан босату ұсынылады. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған рақымшылық кәмелет жасына толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы қылмыс жасағандарға, сонымен қатар, жемқорларға, кісі өлтірушілерге, экстремистер мен қылмыстық топтың бұрынғы мүшелеріне қолданылмайды.

* * *

Сыбайлас жемқорлық бойынша сотты болған адамдарға рақымшылық жасала ма?

Самат АБДУЖАППАРОВ
Шымкент қаласы

– Жемқорлықтың жеңіл, орташа немесе ауыр қылмыс ретінде жіктелуіне тоқталсақ: пара соммасы 30 айлық есептік көрсеткіш немесе 9 млн теңге шамасында болса, айыпты 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Бұл орташа дәрежедегі қылмыс саналады. Демек, мерзімі мен пара соммасы бұдан төмен жандарға қолданылатын жаза жеңілдеуі бек мүмкін. Жемқорлыққа қатысты сотқа дейінгі тергеу ісі басталған жағдайда күдікті амнистияға ілінуі ықтимал. Тергеу ісі сотқа дейін жетпей жатып, жемқорлық дерегі бойынша қылмыс дәрежесі орташа деп танылған жағдайда, онда тергеуші істі сотқа дейін жеткізбей күдіктіден алдымен рақымшылық жасалғанын қалай ма, жоқ па, соны сұрап алады. Егер күдікті бұған келіссе, онда қылмыстық іс тоқтатылады да, күдікті амнистияға ілігеді. Бірақ ол адам өзін-өзі ақтау құқығынан айырылады. Демек амнистияға іліккен айыпталушы өзінің бұрынғы жұмыс орнына, яғни, мемлекеттік қызмет не құқық қорғау органдарына қайта жұмысқа тұра алмайды.

* * *

Жұмыс берушілердің үміткерлерден соттылықтың баржоғын анықтайтын құжат талап ететіні белгілі. Осыған байланысты рақымшылықпен бостандыққа шыққан адамның жұмысқа тұруына кедергі жоқ па?

Кәмшат САЙДУАЛИЕВА
Созақ ауданы

– Сотталған азаматтарға жұмыс берілуі керек. Заңға сәйкес, жергілікті органдар әр облыста арнайы квота береді. Сотталған азаматтар бостандыққа шығардың алдында пробациялық бақылаудағы қызметкерлер жергілікті органға хаттама жібереді. Сол хаттама бойынша бостандыққа шыққандар жұмысқа орналаса алады.

* * *

Рақымшылықпен бостандыққа шыққандар қайта қылмыс жасап, елімізде қылмыс саны өсіп кетпей ме? Оларды бақылау жолға қойылған ба?

Айгүл ҚУАТҚЫЗЫ
Сайрам ауданы

– Рақымшылыққа қылмысы аса ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін жазасын өтеп жатқан азаматтар ғана ілігеді. Атап өтер болсақ, Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты ИЧ-167/9 түзеу мекемесінде аса ауыр жазаға тартылған қылмыскерлер жазасын өтеуде. Бұл мекемеде жазасын өтеушілер бостандыққа шықпайды, кейбір азаматтың жаза өтеу мерзімі қысқаруы мүмкін. Түзеу мекемесінен шыққан сотталғандарды босатылғаннан кейін тұрғылықты мекенжайы бойынша пробациялық бақылау қызметкерлері, учаскелік инспекторлар тізімге алып, профилактикаға қояды. Екіншіден, олардың жұмыс мәселесін шешуге көмектеседі. Егер амнистияға ілінгендер міндеттерге бағынбаса, заңды нормаларға сүйене отырып жауапқа тартылады.

Дайындаған Раушан НАРБЕК
Түркістан облысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БӘСІ ЖОҒАРЫНЫҢ БАҒАСЫ БИІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мусин мырзаның айтуынша, ұсынылып отырған заң жобалары әр түрлі алаңдарда қаралды. Жалпы алғанда, бұл түзетулер әйелдердің, жастардың ерекше қажеттілігі бар адамдардың еліміздің заң шығару органына мүмкіндігін кеңейту үшін маңызды қадам.

Депутаттар министр ойының дұрыстығына, жалпы енгізіліп отырған түзетулердің қажеттігіне күмән келтірмеді. Олар негізінен бұл шараның қалай жүзеге асатындығына алаңдаушылық білдірді. Мәселен, депутат **Жанарбек Әшімжан** конституциялық заңға енгізіліп отырған өзгерісте Мәжіліс депутаттығына кандидаттарды ұсыну сатысында партиялық тізімді бекіту бойынша көрсетілген талаптың белгіленбеу себебін сұрады. Саяси партиялар туралы заңға жасалып отырған түзетулер бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтар депутаттыққа кандидатты ұсыну сатысында тіркелмек. Неліктен аталған санаттағы азаматтар бойынша партиялық тізімдегі 30 пайыз туралы талап тек кандидаттарды тіркелу сатысында көрініс тапқан? Депутат осыны білгісі келді. Мусин мырзаның бұған берген жауабынан ұққанымыз кандидаттарды ұсыну – депутаттыққа кандидаттардың тізімін анықтайтын кезең. Бұған ең алдымен саяси партиялардың өздері мүдделі. Сондықтан саяси партиялар туралы заңға өзгерістер енгізу ұсынылды. Депутаттыққа кандидаттарды тіркеу бұл сайлау процесінің бір кезеңі. Бұл кандидаттың ресми мәртебесін растау болып табылады. Осы тіркеу кезеңінде партиялық тізімде сандық пропорциялардың сақталуы тексеріледі. Себебі, кандидаттарды ұсыну сайлаудан тыс процесс. Заңның талабы бойынша отыз пайыздық квота партиялық тізімде болу керек. Онда бұл көрсеткіш бұдан да көп болуы мүмкін. Бірақ депутаттыққа кандидаттарды тіркеу кезінде отыз пайыздық квота қатаң сақталу керек.

Депутаттар партиялардың бұл тиісті квота деңгейінің сақталмау мүмкіндігін де назардан тыс қалдырмады. Бұл мәселені олардың арасынан **Қайнар Абасов** көтеріп, осындай жағдайда партиялардың жауапкершілігінің қаралу қажеттігін атап көрсетті. Бірақ Мусин мырзаның айтуынша, тұтастай алғанда квотаны бөлу партияның өзінің дербес шешетін шаруасы болмақ. Мемлекет бұл үрдіске араласпайды. Яғни, мұндай жауапкершілік заң жобасында жоқ екен.

Ал, депутат **Сәлімжан Нақпаев** іс жүзінде Парламентке өткен саяси партия мандаттарын бөлу кезінде бірқатар обьективті себептерге байланысты ерекше қабілетті адамдар болмай қалғанда немесе олардың кейін бұл құрамнан шығатын жағдайында партиялық тізімнің құрылымы бұзылу мүмкіндігін еске салды. Министр бұл ретте саяси партиялар партиялардың тізімінде міндетті квота бойынша кандидаттардың жеткілікті санын қамтамасыз етуге дайын болуы керектігін атап көрсетті.

Депутат **Аманжан Жамалов** партиялық тізімге қосылған квота иелерінің кандидаттардың жалпы санының 30 пайызын қамту керектігі әр түрлі тәпсірленіп, орындалуы мүмкін екендігін айтып, әр топ бойынша нақты пайыздарды көрсетіп белгілеудің тәртібін сұрады. Оның айтуынша, халықаралық тәжірибеде осындай талап бекітілген. Бұл мәселеге орай квотаны бөлу тек саяси партияның құзырындағы іс болатыны белгілі болды. Тұтастай алғанда үш топ үшін бірыңғай квота белгіленеді. Әрбір саяси партия бекітілген тізімге сай оны дербес түрде бөлетін болады. Бұл ретте олар өздерінің саяси мақсаттарын және сайлаушылар алдындағы міндеттерін негізге алады. Десе де, квоталардың пропорционалдығы сақталу керек. Осы ретте Жамалов жалпы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін өз құқықтарын мұндай тар шеңберде емес, жеке партиясын құрып немесе олардың құқын қорғайтын арнаулы осындай ұйымның құрылуы қажет болар деген ойын жеткізіп, олардың бұған қаншалықты дайындығы жайлы сауал қойған еді. Осы мәселені депутат **Генадий Шиповских** та көтерді. Мусин мырза бұл тұрғыда арнайы зерттеулер жүргізілгенін, құзырлы мекемелер, үкіметтік емес ұйымдардың мұндай ұйымның құрылу қажеттігі және оған дайындықтың жеткілікті екендігі жайлы пікірде екендігін, сондықтан алдағы уақытта елімізде мүгедектердің жеке саяси ұйымы пайда болу мүмкіндігін мәлімдеді.

Заң жобаларын талқылау барысында мәслихатқа сайлау кезінде мүгедектігі бар адамдардың тыс қалу себебі де сұралды. Бұған мардымды жауап ести алмадық. Заң жобалары тұтастай мақұлданып, Парламент Сенатына жіберілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Самат НҰРТАЗА, саясаттанушы:

– Меніңше, әр партия депутаттардың бес пайызы мүгедек, бес пайызы әйел болу керек деген сияқты бір шеңберге тыға салып, тек есеп үшін жұмыс істеу дұрыс емес. Өйткені, нақты адамдардың қажеттілігі үшін емес, популизм яғни, арзан бедел үшін осындай қадамдарға баратындар бар. Партияның мүшесі мүгедек болмауы мүмкін. Бірақ ол ұйым балалар үйіне, қарттар үйіне көмектессе, азаматтардың осы санатының мұң-мұқтажын шешуге ықпал етсе сол пайдалы деп есептеймін. Сондықтан партияларды мұндай шектеулерге салмай, олардың халықтың нақты мұң-мұқтажына назар аударып, жұршылықты толғантқан мәселелерді шешумен айналысуын талап ету керек. Ең бастысы Парламентке кім болса да, азаматтардың қай категориясы болса да идеялы, іскер, мәселені көруге, шешу жолын ұсынуға қабілетті жандар өту керек. Қайткенде Парламент құрамына екі мүгедек өту керек деген сияқты талап демократияға қайшы қағида. Бізде негізі азаматтардың арнайы категориясының құқын қорғайтын үкіметтік емес ұйымдар жұмысы күшті болуы керек. Мысалы Ұлыбританияда мүгедектердің құқын қорғайтын арнайы қор бар. Бұл құрылым көліктерде, қоғамдық қызмет орындарда мүгедектердің құқы бұзылса, олардың құқына қол сұғылса, тұрмыс деңгейі, қызметі барысында қиындық туса Парламентке хат жазады. Парламент осы мәселелерге араласып, қажет болса заңнамалық тұрғыда шешімдер қабылдайды. Сондықтан Парламентке мүгедек жандарды отырғызып қою оңай. Бірақ мұнымен олардың мұң-мұқтажы өтеле ме? Әңгіме осында.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА»: АТЫ ДАРДАЙ, ҚАДІРІ ҚАНДАЙ?

2030 жылға дейін әлемдегі бәсекеге қабілетті – 50, ал 2050 жылға қарай – озық 30 елдің қатарына қосылуды алдына стратегиялық мақсат етіп қойған Қазақстанда бүгінде ешкімді, ешнәрсемен таңғалдыру қиын. Кейбір рейтингтерде Орталық Азия мен ТМД елдері арасында ғана емес, бүкіл әлем бойынша үздіктер қатарында тұрған Қазақстанның жетістігі барлық уақытта бірдей көз қуантып, көңіл сүйіндірмейді. Мәселен, Егеменді әл-ауқат қоры институтының (SWFI) әлемдегі ең ірі 100 егеменді әл-ауқат қорларының жиынтық активі бойынша рейтингінде республикадағы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры – 23, Қазақстан ұлттық қоры – 24 орында тұр.

Құрылған кезде үлгі ретінде алынғанына қарамастан «Самұрық-Қазынаны» сингапурлық Temasek-пен салыстыруға болмайды. 1974 жылы құрылған инвестициялық холдинг болып табылатын Temasek бастапқы кезде мемлекеттік компанияларды иелену және басқару үшін пайдаланылғанымен, үкімет экономикадағы квазимемлекеттік сектордың үлесін төмендете бастаған кезде оның рөлі түбегейлі өзгерді. Temasek активтерінің ширек бөлігі ғана сингапурлық компанияларға салынған және онда мемлекеттік бақылаудағы компаниялар саны да шектеулі. Осыған қарамастан ол әлемдегі Егеменді әл-ауқат қорларының жиынтық активі бойынша рейтингінде 7-орында тұр.

2020 жылы тәуелсіз әл-ауқат қорларын (124), зейнетақы қорларын, орталық банктерді (177), инвестициялық басқарушы компанияларды (3 475) және инвестициялау, активтерді, тәуекелдерді бөлу, басқару, экономика, саясат, сауда және басқа да ұзақ мерзімді мемлекеттік инвесторларды зерттеуге арналған ғаламдық бұл ұйымның Public Investor-10 рейтингінде «Самұрық-Қазына» қорының төрағасы А.Есімов егеменді қорлар мен инвестициялық ұйымдардың Топ-10 басшыларының қатарына кірген еді (9-орын). Ал Temasek басшысы бұл тізімге енбей қалды. Яғни, рейтинг барлық уақытта бірдей сапалық көрсеткіштің өлшемі бола алмайды. Өйткені, табиғи байлығымен ғана емес, халқының жалпы сауаттылығы мен арнайы және жоғары білім деңгейімен де әлемде ең алдыңғы топта тұрған Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі қордың қызметі әлі күнге дейін сыннан арыла алмауда. Оны Мемлекет басшысы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысындағы сөйлеген сөзінде де ашық айтты.

– Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызына жуықтайды. Яғни, осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді. Қордың КЕГОК, ҚазақГаз және Қазақстан темір жолы сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды. Осы тұста қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма, яғни «Ұлттық байлықты еселей алды ма?» деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлер, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма? «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан, Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн. Қордың сатып алуларының ашықтығына қатысты мәселелер бар. Шағымдар жиі түседі. Осы мәселелердің міндетті түрде жауабын табу керек. Әсіресе, мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен келісімшарт жасауға мүмкіндік беретін негіздерді азайту маңызды. Алда «Самұрық-Қазына» қоры мен басқа да ұлттық компаниялардың сатып алулар тәртібін қайта қарастыру міндеті тұр. Былтыр «Реттелетін сатып алулар туралы» заң шықты. Алайда мәселелердің көбі бұрынғыша қордың өз шешімдері мен заңға тәуелді актілер деңгейінде шешілуде. «Самұрық-Қазына» ережелері мен рәсімдерін Қаржы министрлігімен және Бәсекелестікті қорғау, дамыту агенттігімен келісуді қамтамасыз ету керек, – деді Қ.Тоқаев. ҚР Президенті экономикалық өсім мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтумен тығыз байланысты екенін, бірақ, жекешелендіру жүйелі және ашық жүргізіліп жатпағанын да сынады. Атап айтқанда, бәсекелестік ортаға берілуге тиіс активтерді іріктеу тәсілдері әлі айқындалмағанын, сондықтан оны шұғыл әзірлеу қажеттігін айтты. Үкіметке берген тапсырмасында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп, тиісті Мемлекеттік комиссияның жекешелендіруге қатысты шешімдерінің толық ашық әрі айқын болуын қамтамасыз етуді тапсырды. Соған сәйкес Премьер-Министр Әлихан Смайылов өткен бейсенбіде «Самұрық-Қазына» қорын реформалау мәселелері жөнінде кеңесте қызметтің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, сондай-ақ жұртшылық тарапынан бақылауды күшейту мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ-ны реформалаудың ұсынылған шараларын одан әрі пысықтауды тапсырды. Бір қарағанда бәрі орынды секілді көрінгенімен, сыннан нәтиже шығаруда әлі де кемшілік көп.

Экономикалық дамудың орнықтылығын қамтамасыз етуде зор табыстарға жеткен Корея мен Сингапурдың тәжірибесі бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры құрылған кезде оның қорын көбейту мақсатында мемлекеттік бюджеттен 5 млрд, ал Қазақстан ұлттық қорынан 10 млрд доллар бөлінген болатын. Мемлекеттік активті басқарудың тиімділігін арттырады деп бұл қорға Елбасы 2009 жылы басталған әлемдік қаржылық дағдарыстан кейін оған төтеп беретін бағдарламаны орындауды да сеніп тапсырғаны әлі есімізде. Соның нәтижесінде: қаржы секторын тұрақтандыру; жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу; шағын және орта бизнесті қолдау; агроөнеркәсіптік кешенді дамыту; инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру функцияларына ие болған «Самұрық-Қазынаның» жұмысында ашықтық болмады.

Көптеген сарапшылар «мемлекет ішіндегі мемлекет» деп бағалаған «Самұрық-Қазына» қорының Қазақстанның ұлттық әл-ауқатын арттыру және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге қатысты өз миссиясын орындауға қатысты есебін сұрауға Үкімет те, Парламент те белсенділік танытқан жоқ. «Самұрық-Қазына» қорындағы қызметкерлер санын ретке келтіруді тапсырған Н.Назарбаев кезінде Үкіметтің бір отырысында: «Біз министрліктерді, агенттіктерді, комитеттерді қысқарттық, бірақ шенеуніктердің саны қысқармай отыр. Қызық, иә. Батпайтын кеме дерсің, бізде солай, «Самұрық-Қазына» қысқартып жатыр, қысқартып жатыр, бірақ ешкім кетпейді, барлығы сонда отыр, осылай жұмыс істейміз, міне. Себебі, басқа жақта мұндағыдай пайдасыз адамдар отырмайды. Көп айттым, біреуі жұмыс істейді, қалғандары соның мойнына отырып алады. Осы мәселені шешу қиын ба?», – деген Тұңғыш Президенттің сөзін енді Қ.Тоқаев қайталап жатса да оған ешкім таңырқамасы анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Әзімхан САТЫБАЛДИН ҚР БҒМ Экономика институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы:

– «Самұрық-Қазынаны» реформалау туралы алғаш рет оны Өмірзақ Шүкеев басқарып тұрған кезде айтылды. Сол кезде бәрі жақсы басталып, шетелдегі керегі жоқ құрылымдар жабылған еді. Оның аяғы не боп кеткенін өз басым білмеймін. Одан кейін қорды Ахметжан Есімов басқарған кезде табысы біраз көтерілді. Енді тағы да қорды реформалау бойынша жұмыс басталып жатыр. Әзірге оның қалай жүзеге асатыны белгісіз. «Самұрық-Қазына» мемлекет ішіндегі кіші мемлекет сияқты болды ғой бізде әрдайым. Мемлекетіміздің қазынаға қаржы түсіретін салаларының бәрі сонда. Тек шағын және орта бизнес пен ауыл шаруашылығы ғана Үкіметте қалды.

Әрине, «Самұрық-Қазына» белгілі бір деңгейде өз міндеттерін орындады. Ондағы түйткілді мәселе меніңше оның акционерлік қоғам болуында. Заң бойынша 100 пайыз акциясы үкіметте болғанымен, олар мемлекеттік меншіктегі кәсіпорын болып саналмайды. Сондықтан да ондағы мәселенің бәрі үкімет пен қордың арасындағы қатынастар қалай болды дегенге келіп тіреледі. Түскен қаржы қанша пропорцияда бөлінді. Қордағы таза табыстың қалай бөлінгені ашық болған жоқ, оны ешкім білген жоқ. Мемлекет басшысы «Егер қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн» деп ашық айтты ғой. Оның екі жағы бар. Керегі жоқ дейін десең экономиканың тірегі болып тұрған ұлттық компаниялар әр министрлікте қалса оларды басқару үшін бәрібір кішкентай «самұрықтарды» ашу керек болады. Оларды тиімді басқару үшін «Самұрық-Қазынаны» сақтап қалған дұрыс па, әлде әрбір компания үшін жеке-жеке басқарушылар керек пе дегенді зерттеу қажет.

Рахман АЛШАНОВ, экономика ғылымдарының докторы, Туран университетінің ректоры:

– «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын құрудағы негізгі мақсат мемлекеттік активті басқарудың тиімділігін көтеру болды. Сол себепті Кореядағы жетекші компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін әлемдік деңгейге көтеру үшін құрылған Кегол деген компанияның үлгісі таңдалған болатын. Біз де қор жинап солай істейік дегенбіз. Өкінішке қарай, бұл ойымыз жүзеге аспады. «Самұрық-Қазына» қорындағы компаниялар табысының бәрін өз қажеттіліктеріне жұмсап, жалақыларын ұлғайтып, шетелден сарапшылар шақырумен әуестеніп кетті. Олардың бюджеті мемлекет бюджетінен асып кетті. Табыс теңдей бөліну керек еді. Олай болмады. «Самұрық-Қазына» биліктегілердің туыс-туғаны жиналатын жемқорлық орнына айналды. Біз әрдайым өзге елдердің тәжірибесін енгізген кезде сыртқы формасын аламыз да ішіндегі маңызы мен мағынасын жеткізе алмаймыз. Өйткені, оны ешкім бақыламайды. Сондықтан әрбір реформалық өзгерістің кейде экономикаға пайдасынан зияны көп болды.

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛЫҚ БАР ЖЕРДЕ БЕРЕКЕ БАР

Қоғамда әділдік сұрап, дауласып жатқан адам көп. Тұрмыстық, отбасылық, еңбек даулары бойынша көптеген адамдар сотқа жүгінеді. Бұны азайтудың бірден бір жолы – медиация институттарын дамыту.

Медиацияны көп жағдайда алаш жұртында орын алған ежелгі билер сотымен салыстырады. Оған себеп – медиация бітімгершілік пен ымыраластыққа бағытталған. Медиацияны қолдану даулардың тез әрі тиімді, оңтайлы шешілуіне, тараптардың материалдық шығынының азаюына, адамның моральдық түрде шаршамауына, тараптардың бір-біріне кешірім жасауына, адамгершілік қасиетін арттыруға зор ықпалын тигізеді.

Бұл тәсіл сот жүйесіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы болмақ, яғни, тараптарды қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын тараптың-медиатордың қатысуымен дау-жанжалды шешудің баламалы әрекеттерінің бірі. Ол еріктілік, құпиялылық, тараптардың тең құқылығы, бейтараптылық, процедураға араласуға жол бермеу принциптерімен негізделеді.

Әрине, істердің соттың құзырына жетпей, медиациялық жолмен шешілуі судьяларға тиімді екені рас. Сот жүктемесінің азаюы судьялардың уақытын үнемдеп, назарын неғұрлым күрделі істерге аударуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүктеменің төмендеуі қазылардың ізденуіне, жаңа заңдармен танысуына, қоғамдық мәселелерге үн қосуына жағдай туғызады.

Өркениетті елде заманның алға басуына байланысты халықтың мүддесі үшін қабылданған заңдардың маңыздылығы өте зор. Атап айтсақ, Азаматтық процестік кодекске егізілген өзгеріске сәйкес, судья талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Ал татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды.

Шақыруда тараптар татуласу рәсімі (бітімгершілік келісім, медиация, партисипативтік рәсім) шеңберінде дауды (жанжалды) шешу құқығын түсіндіре отырып, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары туралы, сондай-ақ, осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы хабардар етіледі.

Бұл жерде, процессуалдық заңнамаға «сотқа дейінгі хаттама» түсінігі енгізілгенін атап өткен жөн. Судья дауды бітімгершілікпен аяқтау мақсатында тараптарды шақырып, оларға сотқа дейінгі хаттаманы толтыруды ұсынады. Бұл хаттамада екі тарап өздерінің сотқа ұсынатын дәлелдемелерін көрсете отырып, дауды қандай шарттарда бітімгершілікпен аяқтауға болатынын ұсынады. Соңынан екі тарап осы хаттамаға қол қояды, онда көрсетілген шарттармен келісетін болса іс бітімгершілікпен аяқталады.

Тараптар сотқа дейінгі хаттамамен танысу үстінде екінші тараптың дәлелдемелерін зерделеп, оларды өзінде бар дәлелдемелермен салыстыра отырып баға беріп, іс сотта қаралған жағдайда даудың кімнің пайдасына шешілуі мүмкін екенін болжай алады.

Сондықтан, әр тарап өз мүмкіндіктерін болжай отырып, дауды бітімгершілікпен аяқтаудың тиімділігін түсінетін болады. Осы әрекеттерді жүргізу арқылы дау сот өндірісіне қабылданғанға дейін судья татуластыру рәсімдерін жүргізетін болады.

Бұл әдістердің өмірге дендеп енуіне соттар жұмысының белсенділігі аса қажет екені белгілі.

Қазіргі таңда тараптар медиация заңын сотта біліп, дауға осы заң шеңберінде нүкте қойылуына ыңғай танытуда.

Сабыржан ЕСЖАНОВ.
Жаңақала аудандық сотының төрағасы

Медиация туралы заң өзінің өміршеңдігі мен тиімділігін уақыт өткен сайын дәлелдеп келеді. Оны соңғы уақытта медиаторға жүгінушілердің артқанынан байқауға болады. Бұл билердің «Дау мұраты – бітім» ұстанымын бүгінгінің соттары жоғары деңгейде жалғастыруының жарқын көрінісі.

Жаңа заманда жүзеге асып жатқан медиация заңы біздің болмысымызға сәйкестендіріліп, азаматтардың мүдделерін аяққа таптамай, керісінше екі жақтың да ақ батасын алатындай дәрежеге жеткізді.

Еліміздің Жоғарғы Соты бабалардың осындай бай мұрасын заманға сай жаңғыртуда өлшеусіз еңбек етуде. Оған мысал, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру және дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен енгізілген толықтырулар «Медиация туралы» заңның аясын кеңейтті. Егер бұрын, медиация заңы тек, жеке және заңды тұлғалар қатысатын қатынастарда қолданылса, жаңа норма арқылы медиация енді әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын дауларда да қолданылатын болады.

Сондай-ақ, медиация – азаматтық, еңбек, отбасылық даулардан, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстардан бөлек, алдағы уақытта әкімшілік құқықтық қатынастардан, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, және де Қылмыстық кодекстің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастарда да қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша соттарда қаралатын істер санаты ол отбасы-тұрмыстық қарым қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтар. Олардың орасан зор үлесі құқық бұзушы мен жәбірленушінің татуласуы арқылы бітімгершілікпен аяқталатыны белгілі. Сондықтан, бұл санаттағы істерге де медиация заңының қолданылуын енгізу заңдылық.

Енгізілген жаңашылдық бойынша, медиатор кәсіби немесе қоғамдық негізде медиация жүргізу үшін тараптарды тартатын тәуелсіз жеке тұлға. Кәсіпқой медиаторлардың медиацияны жүзеге асыру рәсімдері белгілі болса, қоғамдық медиаторлар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын тәртіпке сәйкес өмірлік тәжірибесі мол, абыройлы және мінсіз беделі бар тұрғындар арасынан жергілікті қоғамдастықтың жиналысы (жиыны) арқылы сайланады.

Ауылдық жерлерде медиацияны көбіне кәсіпқой емес медиаторлар жүзеге асыратыны, олардың жергілікті атқарушы органдар айқындайтын реестрлерге енгізілу тәртібінің мінсіз еместігі бұрыннан айтылып жүр.

Ендігі жерде кәсіби емес медиаторлар түсінігі жойылып, оның орнына жергілікті қоғамдастықтың жиналысында сайланатын қоғамдық медиатор түсінігі енгізілді.

Мұның барлығы қоғамдағы қарым-қатынастарда медиация заңын кеңінен қолдануға, медиаторлардың жұмысын жандандыруға, жүйелендіруге бағытталған үлкен жұмыстардың нәтижесі.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

АЛТЫН КӨМБЕ

ТАРИХИ ЖЕРЛЕР – ҚАЗАҚТЫҢ ТАМЫРЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Өлкетану музейлерінің тарихы тереңде

Ресми статистикаға көз жүгіртер болсақ, 1995–2020 жылдары еліміздегі музейлердің саны 87-ден 253-ке дейін өскенімен, келушілер саны 2,5-тен 2,3 млн-ға дейін кеміген. Егер музейлердің құрамына көз жүгіртер болсақ оның 100-і өлкетану, 59-ы мемориалдық, 46-сы тарихи, 15-і қорық-музей, 10-ы өнертану, үшеуі жаратылыстану, ал қалған 20-сы өзге бағыттарда екен. Егер еліміздегі 14 облыс пен республикалық мәртебесі бар 3 қалада 161 ауылдық, 16 қалалық аудан мен 37 облыстық мәні бар қала барын ескерер болсақ өлкетану музейлерінің саны әлі де аз екенін аңғару қиын емес. Мәселен, республикада музей саны жағынан үздік үштіктің қатарында тұрған Алматы облысында 26 музей бар. Облыстық мәдениет, архив және құжаттама басқармасының деректеріне қарағанда, өңірдегі 2363 тарих және мәдениет ескерткіштерінің 1 862-сі археологиялық, 501-і қала құрылысы және сәулет ескерткіштері екен. Оның төртеуі ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енсе, 12-сі республикалық маңызы бар ескерткіш саналады. Егер өңірде 17 аудан мен облыстық маңыздағы 3 қала барын ескерсек, Талдықорғандағы М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің мүмкіндігі шектеулі деуге болады. Өйткені, өзгелерінің бағыты басқа.

– Өлкетану музейінсіз туризмді көзге елестету қиын деп айтуға болады. Себебі бір өлкенің тарихи, мәдени нысандарын танып, білуде өлкетану музейі маңызды рөл атқарады. Туризм саласының дамуына әсер ететін басты фактор – туристік нысандар. Оларды табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық ресурстар деп жіктеуге болады. Сондықтан аты айтып тұрғандай өлкетану музейлері әрбір облыс, аудандар мен тіпті, елді мекендерде де болу керек. Көп адамдардың өз өлкесінің тарихын, мәдениетін жетік білмеуі туристік нысандарының инфрақұрылымының дамуына өз әсерін тигізуде. Қазақтың алғашқы өлкетанушысы Шоқан Уәлиханов. Қазақстанда 164 аудан мен 3 мыңнан астам елді мекеннің өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар ғылыми түрде зерттелу үшін өлкетану музейлері керек, – дейді «QAZAQ ELI TRAVEL» ЖШС бас директоры Еркін Бейсекей.

Талхизда талай шежіре жатыр

Алматы облысындағы БҰҰ-ның ЮНЕСКО ұйымының Бүкіләлемдік мұралар тізіміне кіретін 4 нысанның бірі – Талғар қалашығы. Ол республикадағы ең ірі мегаполистен 25 шақырым жерде орналасқан. Талғар ауданының орталығындағы бұл қалашық қазір «Есік» мемлекеттік қорық-музейінің қарамағына берілген. Ә.Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми қызметкері Борис Железниковтың айтуынша, зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда VIII ғасырда бой көтеріп, XII ғасырда қираған Талғар қалашығының ең гүлденген кезі X-XI ғасырлар деуге болады, сол уақытта мұнда 12 мың халық қоныстанған деген болжам бар. 10 ғасырда жазылған ирандық белгісіз автордың «Әлем картасы» деген еңбегінде бұл қаланың атауы Талхиз деп жазылған. Зерттеушілердің көбі Талғар қалашығының байырғы атауы Талхир, Талхиз оның арабшаланған атауы болуы мүмкін деп болжайды. Өйткені, дыбыстық өзгерістер болғанымен байырғы Тальхир мен бүгінгі Талғардың түпкі мән-мағынасы ұқсас. Талғар өзенінің бойындағы бұл қалашықтың айналасында байырғы үйсін обаларының ең соңғысы қазіргі Мәдениет сарайының орнында болды. 1928 жылдан аудан орталығы, 1959 жылы қала мәртебесін алған Талғар ауданындағы обалар жүйесі 1917 жылғы төңкеріске дейін-ақ жойылып, орнына құрылыстар жүргізіліп кеткен. Аумағы 300х300 метрді құрайтын қалашық орнындағы соңғы қазба жұмысы 2020 жылы жүргізілді. Онда осы уақытқа тереңдігі 1,6-2 метрлік алғашқы қабаттың 75 пайызы қазылған. Егер төменгі қабаттары қазылатын болса оның тарихынына қатысты жаңа жәдігерлер табылуы күмәнсіз.

Өкінішке қарай, қалашық тарихы тұрмақ, зерттеушілердің өзі әлі күнге дейін Талғар қаласы мен оны жарып өтетін Талғар өзенінің атауына қатысты нақты бір тұжырымға келе алмай жүр. Егер мұнда өлкетану музейі ашылып, аудан мен қаланың тарихына қатысты құнды жәдігерлер бір жерге жинақталатын болса зерттеу жұмысы да жанданып ғана қоймай, ол өңірдегі туризм индустриясының дамуына да тың серпін берер еді. Өйткені, Алматыдан 22 шақырым жерде орналасқанына да, ЮНЕСКО ұйымының Бүкіләлемдік мұралар тізіміне кірген нысандардың қатарында тұрғанына да қарамастан туристерге кәсіби түрде қызмет көрсететін ұйымдар мен мекемелер көп жағдайда оны өзінің саяхат бағдарламасына енгізуге аса ықылас таныта қоймайды. Бұған онда туристер қызыға тамашалайтын ешбір жәдігерлердің жоқтығы өз ықпалын тигізіп отыр.

Талғар ауданы әкімінің орынбасары Оразхан Қаспақбаевтың сөзіне қарағанда, өлкетану музейін ашу мәселесі мәслихатта бір емес бірнеше рет көтерілгенімен, одан еш нәтиже шықпаған. ҚР Көркем академиясының президенті Амандос Ақанаев елімізде сақ дәуірі мен орта ғасырлардан қалған обалардың саны мыңдап саналады. Ал сондай оншақты обасы бар Норвегия олар туралы арнайы кітап шығарып қойған. Біздегі обалардан еш айырмасы болмаса да олар оны тиімді пайдаланып отыр. Егер бұл елдің туризмнен түсетін жылдық табысы 65 млн долларды құрайтынын ескерсек, біздің жағдайымыз қолда бар алтынның қадірін білмей отырған адамның кейпіне ұқсайды. Ал мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтың пайымдауынша, өлкетану музейін ашу үшін алдымен оның концепсиясын жазу керек. Сол кезде оның негізгі жәдігері анықталады. Ал бізде анау бар, бізде мынау бар деп музейге қояр жәдігер жеткілікті деп жүре берсек оның өзгелерден еш айырмасы болмай қалады. Ал Талғар қалашағын өз құрамына қосып алған «Есік» мемлекеттік қорық-музейінің директоры Гүлмира Мұхтарова болса, ЮНЕСКО ұйымының талабы бойынша қалашық аумағында кез келген құрылыс нысанын салу үшін, оның келісімін алу керек. Бұл өте ұзақ процесс. Жалпы, Талғар ауданының өлкетану музейі ашылса, оған қояр жәдігерлер жеткілікті. Қазір олар әр жерде шашылып жүргендіктен, кейбір археологиялық қазба жұмыстарының хаттамасын табудың өзі оңай шаруа болмай тұр. Егер бәрі бір жерге жинақталатын болса бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарына да өз септігін тигізері анық дейді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

№7 (3435)
25 қаңтар 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Оразалы СӘБДЕН,
Қазақстан Ғалымдар одағының президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың иегері, академик:

«ЕСКІ СҮРЛЕУДІҢ СОҢЫ – **ТЫҒЫРЫҚ»**

– Жақында Мемлекет басшысының атына ашық хат жолдаған едіңіз.Оған не түрткі болғанын айтып бере аласыз ба?

– Дүниеде болып жатқан өзгерістердің көптігі соншалықты, кейде қоғам оларға ілесіп үлгере алмауда. Оларды күнделікті ғаламтордан және басқа да ақпараттық өзгерістерден байқауға болады. Олар: әлемдік климаттың жылынуы, су және азық-түліктің жетіспеуі, миграция, әлеуметтік-экономикалық және саяси шиеленістер, аймақтық соғыс, терроризмнің күшеюі, коронавирус сияқты т.б. апаттар, теріс үрдістер. Сонда мұның түп тамыры неде деген сұрақ туады. Ол қазіргі өркениет қоғамының, табиғаттың даму заңдылықтары бұзылып, рухсызданып, деградацияға түсуінде. Қоғам қазіргі жаңалықтарға, ғылым мен технологиялардың жетістіктеріне даяр болмады. Қазақстанға келетін болсақ, егеменді ел болғалы 30 жылдан асса да, байлығымызды ел ырысына пайдалана алмай, реформаны дұрыс жүргізбей біз бюрократиялық, олигархиялық, спекулятивті капитализм құрсауында қалдық. Экономикамызды әртараптандырмай, мәнді тек мұнай, газ, қазба байлыққа бергендіктен, шикізат елі боп қалдық. Елімізде сыбайлас жемқорлықтың шарықтап тұрғаны соншалық, оның ішінде бұрынғы Премьер-Министр, министрлер, депутаттар, әкімдер, банк, бизнес өкілдері т.б. жеткілікті. Тіпті, бұл жоғарыдан төменге дейін тамырын жайған бір дертке, жүйеге айналды. Зардабын қарапайым халық тартып отыр. Осының бәрі мемлекетімізді басқарудағы биліктің көп жылдар бойы жіберген күрделі қателіктерін көрсетеді.

Қоғамда билікке деген сенім кетіп барады, елді дәрменсіздік билеп тұр. Мұның қайда апарары белгісіз. Егер біз ел ішін кернеген теріс күштерге даяр болмасақ, онда қоғам ыдырайды. Қазір біздің қоғамда моральды тозу дерті қатерлі ісіктей белең алып тұр. Өнегесіз жүрісімізді бір тәртіпке салатын уақыт келді. Кемел ойлы, алдағыны ақылмен болжай білетін басшы, болатын өзгерісті сезе отырып, егер «қазаннан қайнаған буды» дер кезінде шығара алмаса, оның қақпағының атылатынын білсе керек еді. Алысқа бармай-ақ оны көршілерден де көрдік емес пе?!

Менің ойымша, біздің осы адасқанымыз жетеді, қазір жол айырығына келіп тірелдік. Егер қазірге дейін 30 жыл бойы шетелдік «серіктестеріміздің» кеңесімен жүріп, өзімізді-өзіміз басқара алмасақ, енді тағы да сол ескі жолмен кетсек, онда оның соңы – тығырық. Ал бізге керегі ең озық, өзімізге лайықты әлемдік тәжірибені қолдана отырып қоғамды өзгерту, өзіміздің отандық дара даму жолымызды табу.

– Сіз айтып отырған дара жолға түсу үшін не істеу керек?

– Әрине, таңдау халықтың еншісінде. Бірақ ол үшін халыққа бұл дағдарыс жағдайдан қалай шығу туралы бағдарлама ұсыну қажет. Бұны жасау қазіргі билікке қиын. Олар шындықтың толық көрінісін көрмейді, өйткені мемлекетті вертикалды түрде, жоғарыдан төмен, ескі әдістермен, орынсыз амалдармен басқарып келеді. Осылайша жаһандық желінің, жаппай коммуникацияның, жаһандану жаңалықтарының мәнін түсінбейді. Билік өкілдері біздің өзгермелі өмірімізді, яғни халықтың жағдайының қиын екенін түсінсе де, бірақ қазіргі құрылған, әсіресе жемқорлыққа үйренген билік басындағылар халықты ойлап, олардың қажеттілігін жүзеге асыру жолында жұмыс атқаруға мүмкіндік бермейді. Бұл Қазақстан үшін «Ариаднаның жұмбақ жіптері» секілді болып тұр. Соңғы уақытта қабылданып жүрген ішінара шешімдер халыққа өте маңызды болса да, 30 жыл бойы қордаланған проблемаларды шешу өте қиын болары анық. Себебі, кеше ғана «Қаңтар оқиғасы» болды. Жаңаөзендегі газ бағасын төмендетуді қолдап шыққан халықты пайдаланып, террористер, бұзақылар, діни теріс күштер тып-тыныш елімізді, Алматыны тас-талқан етті. Жоғарыда айтылғандардың бәрін жиып-теріп келгенде менің көп ойланып, толғанып маман ретінде айтарым Қазақстанға эволюциялық «мәдени революция» керек.

– Эволюциялық «мәдени революция» неден басталады?

– Мәдени революция дегенде 30 жылда қалыптасқан бүкіл билік жүйесін өзгертуіміз керек. Қазақстанның бүкіл құрылымын өзгерту үш бағыттан тұрады: экономиканы әртараптандыру арқылы инновациялық жолға түсу, әлеуметтік инновация, адам капиталының сапасын арттыру, сананы өзгерту; түбегейлі саяси реформа жасау. Кейбір лидерлер айтқандай бірінші экономика, сосын саясат емес, осылардың бәрі бір жүйе (процесс) ретінде қатар жүруі керек. Бұл ойды мен о бастан-ақ айтқам да, жазып та бергем билікке. Бірақ тыңдар құлақ жоқ. Қазақстанда көп жылдар бойы қордаланған, ластанған, қоқыр-соқыры көбейген билік жүйесін, адам жанын, арын, моралін, ой-өрісін, психология, рухани құндылықтарын тазартатын бізге үлкен «СЫПЫРҒЫШ» өте қажет. Біз тегіміздің қандай болғанын және тарихымыз бен болмысымызды терең танып «тектоникалық тереңдікте» сезіне отырып, мына қиын әлемдік өркениетте не күтіп тұрғанын білуіміз керек.

Мәдени революцияны түбегейлі шешу үшін дамыған елдердің тәжірибесін алып, оған қазақтың менталитетін қосып, мемлекетімізге түбегейлі саяси модернизация, рухани-әлеуметтік модернизация, экономикалық модернизация жасау керек.

– Осы ойыңызды таратып айтсаңыз...

– Жаһандық дағдарыс рухани жаңғыру, әлеуметтік-мәдени өркениет, атап айтқанда, ғылым мен білім, мәдениет пен имандылық, адамгершілік құндылықтар саласындағы теріс салдарларды анықтады. Сұрақ қоғамның моральдық тозу қаупі туралы болып тұр. Мұның басты белгілерінің бірі – мемлекеттік басқарудағы ең төменгі деңгейден жоғары деңгейге дейінгі адами капиталдың барлық саласында белгілі кәсіби қабілетсіздік, немқұрайлық болып тұр. Бұл әсіресе, дамушы елдер жағдайында айқын көрінеді. Мысалы, дағдарыс кезінде тіпті дамыған елдердің өзі тәуекелді басқаруда кадрлардың жетіспеушілігін сезінді.

Осыдан әлеуметтік инновацияның жаңа парадигмасы – білімді қоғам, жаңа заманның тұлғасын жасау керек. Жаһандық дағдарыс жағдайында білім беру және ғылым алдыңғы қатарға шығып, ұдайы өндірістік циклдің бүкіл жүйесінің негізіне айналады. Идеяның пайда болуынан бастап, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайда табумен аяқталатын, сондай-ақ жаңа өркениеттік даму үшін инвестицияларды жүзеге асыру қажет.

Сондықтан бізге адами капитал саласында қаржыландыруды көбейтіп, тұрақты өмірге байланысты «минималды қалыптар» құру керек және бәсекеге қабілетті креативті экономикаға өту қажет: **- денсаулық сақтау** *(Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша денсаулық сақтауды қаржыландыру ЖІӨ-нің 6% -дан кем болмауы керек, ал бізде 3,2%);* **- ғылым** *(мемлекеттің қалыпты дамуы үшін ғылымды қаржыландыру ЖІӨ-нің 1,5-4,5% болуы керек, ал бізде - 0,13%);* **- білім** *(ЖІӨ-нің кем дегенде 6% болуы керек, ал бізде 3,2%); мәдениет (ЖІӨ-нің кем дегенде 5%, ал бізде 3%);*

Зерттеу көрсеткендей, біз экономиканың өте маңызды осы әлеуметтік бағыттарын «қалдықтық негізде» көптеген жыл бойы ұстағанымыз көрсеткіштерден көрініп тұр. Мысалы, ғылымды қаржыландыру 20-30 есе артта қалған кезде, кедей ғалымдардан әлем жаңалықтарын қалай талап етуге болады? Ғалымның миы толық, бірақ қалтасы тесік, ал әкімдердің миында не бар екені белгісіз, бірақ қалтасы толық.

Адами және әлеуметтік қажеттіліктер саласында әр адамның жеке тапсырысына дейін тауарларға, қызметтерге және басқа да әлеуметтік қажеттіліктерге әртүрлі әлеуметтік сұраныстарды қалыптастыру қажет. Осыған байланысты үшінші сектордың, яғни азаматтық қоғамның рөлі күрт артады. Әлеуметтік капиталды қалыптастыру бірінші кезекте тұрады және ол жақсылап инвестициялануы керек.

Осыған сүйене отырып, адами капитал саласындағы осындай минималды әлеуметтік-экономикалық стандарттарды орнату арқылы біз шынымен де жақсы өмірді қамтамасыз ете аламыз. Минималды стандарттарды экономикалық өсу қарқынымен байланыстыра отырып, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын анықтауға болады. Бұл Үкіметтің айналысатын мәселесі.

– Бізге қандай саяси реформалар жасау керек деп ойлайсыз?

– Біз енді әлемдік қауымдастықта өзіміздің қоғамдық-тарихи, саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық бетпердемізді толық анықтап алуымыз қажет. Шындығына келсек, біз бұл мақсатқа жеткен жоқпыз, осы жолды меңгерудеміз. Ал ішкі саясатымызда да түбегейлі реформалар жасауымыз керек, Конституциялық өзгерістерден бастап, бүкілхалықтық референдум қабылдауға дейін проблемалар бар.

Қазақстан 30 жыл бойы Президенттік басқару жүйесімен жүрді. Бұл жүйедегі жақсысы да, жаманы да өзіміздікі, оны талдап жатпайық. Енді саяси-демократиялық кезең басталуы керек! Парламенттің рөлін күшейту қажет. Мемлекетімізді басқаруды «Парламенттік басқару жүйесіне» көшіру, яғни, Президенттің құзырын күрт шектеу маңызды. Үш биліктің: заң, сот және атқарушы биліктің тепе-теңдігін іс жүзінде сақтау. Осы жүйеге көшкенде, заң, сот жүйесінде әділеттілік орнар еді, жемқорлық тыйылып, халықтың жағдайы жақсарар еді.

Нақтырақ айтсам, біз унитарлы мемлекет болғандықтан да, бірпалаталық Парламентке өтуіміз қажет. Онда депутаттардың саны – 150, ал оның 50%-ы партиялардан, 50%-ы бір мандатты мажоритарлық округтардан елге белгілі маман, қайраткерлер сайлануы тиіс. Себебі, қазір «партия» деп халық қай депутатты жергілікті жерден сайлағанын, өзінің мұң-мұқтажын кімге айтарын, ал олар шешілмесе, қай депутатты қайтарып, басқасын сайлауды білмей қалды. Партиялардың Парламентке өту межесі 3-5%-дан аспауы керек. Бұл ұсыныстарды мен Парламентте талай рет депутат болып, оның ащы-тұщысын татқаннан кейін, ең тиімді жол деп таныған соң айтып отырмын.

Мұның ең өзектілігі – көп партиялы Парламент жасақтау және оның статусын көтеру болып отыр. Өйткені, парламентаризм – «қалталы депутат емес», көппартиялы орта, пікірталас арқылы шындыққа шығу алаңы. Біз, ең бастысы, сайлауды таза демократиялық жолмен өткізуге тиіспіз. Халық өз дауысын қандай партияларға қанша пайызбен бергендігін өзгертпей, әкімшілік ресурсты алып тастап, әдеттегідей дауыс ұрламай, Парламент сайлауын өткізу керек.

Бұл жағдай өз басымнан өтті, келеңсіздіктің құрбаны да болдым. Сайлаудың әділ өткеніне билік емес, халық сенуі қажет. Егер сен мәселенің құрылымын білсең, онда жөндеп басқара аласың демекші, осының ішінде күйіп-пісіп жүргеннен соң ұсынудамын.

Қандай Конституциялық өзгерістер жасасақ та, реформалар қабылдасақ та ең абзалы халықтың жағдайы, әлеуметтік күнкөрісі төмендемеу керек. Әр адамға бет бұратын уақыт келді. Адам мен табиғаттың қадірін білсек, қадірлі адам, қадірлі қоғам, қадірлі мемлекет боламыз. Осы жолда барлық күш-жігерімізді алдағы уақытта ізгілікті дамыған қоғам орнатуға салуымыз өте қажет. XX ғасырды өнеркәсіптегі жоғары технологияның ғасыры десек, ал енді XXI ғасыр – ол жоғары гуманитарлық ноосфералық өркениет ғасыры болмақ деген пікірді білдіремін. Бұл жерде әр адамның, азаматтық қоғамның мүмкіндіктері пайдаланылады деген сөз. Себебі, адам өзінің ақыл, ой-санасы және тілі арқылы ең жоғарғы биологиялық феномен болып есептеледі.

Реформа билік басындағылардың мүддесі үшін емес, қоғамның, елдің мүддесі үшін жүргізіледі. Азаматтық қоғам институттарының жұмысын жетілдіру қажет. Атқарушы мемлекеттік биліктің жұмысына қоғамдық бақылау орнатылуы тиіс. Осыған орай, азаматтық қоғамның негізгі белгісі, жергілікті өзін-өзі басқарудың көзі – биліктің халықпен санасуында және халықтың, азаматтық қоғамның шешім шығаруға формалды емес, белсенді түрде араласуында.

–Экономикалық реформа ше?

– Негізгі мақсат экономиканың шикізат моделінен кетіп, экономикамызды, өндірісімізді әртараптандырып инновациялық жолға түсіп, ары қарай қазақ қоғамын ізгілендіру болып табылады. Барлық байлықты (ресурсты) жаңа технология мен әлеуметтік инновацияға салсақ тез алға басамыз. Бұл жаңа қоғамдық және өндірістік қатынасқа, экономиканың дамуының жаңа моделіне өту деген сөз.

Жаңа заман, жаңа талапқа байланысты барлық шығынды күрт азайтып, Мемлекетті басқарудың жаңа жүйесіне (моделіне) көшу керек. Сол кезде жаңа кадр саясаты, жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық реформа адамның тыныс-тіршілігіне тікелей әсер етері анық, сонда ғана халық билікті қолдайтын болады. Мен «Мемлекетті бестік спиральмен (мемлекет, бизнес, ғылым, адам қажеттілігі, информатизациялау) жаңаша басқару туралы жобамды» ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа жібергенмін.

Ең дұрысы, билік осы өзгерістерді өзі бастағаны жөн,өзі мұрындық болуы тиіс. Сонда ғана, осындай өркениетті ісі арқылы билік, шынында да, қоғамның саналы әрі салауатты күшіне арқа сүйей алады.

Түйінді ой ретінде айтарым, алдымыздағы екі онжылдықтағы ең басты қиындық – Мемлекетті тиімді басқаруда және жаңа технологияларға сай кәсіби біліктілікте болмақ.

– Сіз өзіңіз ұсынған мәдени революцияны тез арада іске асыру үшін нақты қаражатпен қамтамасыз етілуі тиіс 4 ұлттық жоба тетігі бар дедіңіз. Олар қандай тетіктер?

– Бірінші, Қазақстанда ашық нарықтық экономика болуы керек, әсіресе ашық саясат және қоғамды демократияландыру, соңғысы жоқтың қасы. Ол үшін Конституциядан бастап бірқатар заңдардың қабылдануымен осы бағыттарды түбегейлі реформалау қажет, сот жүйесін халық сайлауымен қоса.

Екінші, қоғамның рухани-тарихи жаңаруы – жаңа өркениетке жол. Негізгі назар – мәдени, тарихи, денсаулық, моральдық-адамгершілік құндылықтарға, әсіресе жаңа білімге аударылуы керек. Нағыз демократияны тек білімді ел, азаматтық қоғам құра алады. Осындайда ұлы Абайдың толық адам ілімінің жол картасын жасап, біздің рухани конституциямыз ретінде халықты оқыту керек. Қазақстанға рухани-мәдени ренессанс қажет.

Үшінші, ауылды жаңарту мен ауыл шаруашылығын дамытуға аса басымдық беру керек. Мұнай мен газдың орнына бренд астық пен ет өндірісі болуы керек. Қазақстан өзінің азық-түлік мүмкіндігімен әлемнің бірнеше елін тамақтандыра алады. Жасанды интеллект, робототехника, адам геномы және басқалардың пайда болуымен байланысты №1 проблема адамдарды экологиялық таза өнімдермен және сумен қалай тамақтандыру біздің генофондымызды сақтайды. Сондықтан дәл қазір мүмкіндікті жіберіп алмауымыз қажет және жақын арада азық-түлік державасына айналуымыз керек. Ол үшін үлкен инвестиция салу қажет. Егер азық-түлік державасы болғымыз келсе ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы ішкі өнімге шаққандағы үлесі қазіргі 4,5 пайыздан кем дегенде 20-25 пайызға дейін өсуі керек.

Төртінші, жаңа өндірістік құрылым саясатына, индустриалды-инновацияға көшу, технологиялық құрылымдарды жедел дамытудың тиісті Мемлекеттік бағдарламасы мен сыни технологияларды тез дамыту қажет. Біз алда инновациялық дамыған экономикасы, гуманизациялық қоғамы бар ел болуымыз керек.

– Сұхбатыңызға рақмет

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

> *Жаңа заман, жаңа талапқа байланысты барлық шығынды күрт азайтып, Мемлекетті басқарудың жаңа жүйесіне (моделіне) көшу керек. Сол кезде жаңа кадр саясаты, жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық реформа адамның тыныс-тіршілігіне тікелей әсер етері анық, сонда ғана халық билікті қолдайтын болады.*

КӨЗҚАРАС

СОТ АШЫҚ ДИАЛОГҚА ДАЙЫН

Сот төрелігінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында күрделі әрі тың реформалар тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Оның ішінде, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары, судьялар съездерінде берілген салмақты тапсырмалар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы сияқты әр жолдаудың орны бөлек.

Өздеріңізге белгілі, елімізде 2021 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы заң қолданысқа енгізілді. Тарих қойнауына үңілсек, осыған дейін елімізде 8 рет рақымшылық жасалған екен. Аталған заңға сәйкес, қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан қылмыстық теріс қылық және онша ауыр емес қылмыс жасағандар, залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген немесе ол бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар, залалдың немесе азаматтық талап қоюдың бар-жоғына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыс жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар босатылады. Ал негізгі жазадан теріс мінез-құлық дәрежесі жоқ, осы заң қолданысқа енгізілетін күнге жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалған, ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталғандар босатылады. Сондай-ақ, 2-баптың 4-бөлігіне сай қосымша жазаны міндетті түрде тағайындау көзделетін, соттардың іс жүргізуіндегі қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс туралы істер бойынша осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды сот негізгі жазадан босататындығы көрсетілген. Осы орайда, аталған заң құқық бұзушылықтар жасаған азаматтарға қатысты мемлекет тарапынан берілген үлкен мүмкіндік пен сенімнің көрінісі екенін атап өткен жөн.

Президент «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Адам құқын қорғау жөнінде жаңа шаралар қабылдау өте маңызды», – деді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы балалар құқын қорғаудағы шараларды күшейтуді, азаптаумен күрес жөніндегі

ұлттық заңнаманы жетілдіруді, адам саудасына қарсы күрес мәселесі күн тәртібінен түспейтінін айтып, құқық қорғау органдары мұндай қылмыстарды тергеу рәсімін жетілдіріп, осыған орай сот тәртібімен қатаң жаза қолданылуы қажет екенін қадап тапсырған еді. Иә, заң үстемдігі орнықпаса, азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, қай елдің де қарыштап қанат жаюы, алға жылжуы мүмкін емес екені белгілі.

Одан бөлек, құнды құжатта қоғамның соттарға деген сенімін орнықтыру басымдығы басты мақсатқа айналуы керектігі айтылды. «Соттың абыройы – бүкіл мемлекеттің беделі екенін атап өтемін. Себебі, әрбір сот шешімінің арғы жағында адамның тағдыры бар. Сондықтан, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – демекші туралықтан танбай, әрбір дауды әділетті шешіп, нүктесін қою біздің жауапты міндетіміз» деген Президент ел сеніміне ие болудың негізгі қағидаларын тағы бір мәрте еске салды.

Соған орай, санаулы уақыттың ішінде әлеуметтік желі арқылы соттар мен қоғамның арасында ашық диалог орнады. Қоғам тарапынан қойылған сан сауалға тәуліктің кез келген мезгіліне қарамастан жедел жауап беру қолға алынды. Сонымен қатар, сот төрағалары карантин шектеулеріне байланысты онлайн ашық есік күнін өткізіп, азаматтарды қабылдауды тоқтатқан емес.

Қорыта айтқанда, еліміздің сот жүйесінің әлемдік рейтингтерде жақсы көрсеткіштерге ие болуынан бөлек, кез келген ел азаматының өз мәселесін сот арқылы әділ шешіп, қорғай алуы маңызды. Сонда ғана халық пен сот арасындағы алтын көпірдің берік болары анық.

Г. ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ПӘРМЕН

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МІНДЕТ

Сот ғимараты стратегиялық маңызы бар, елдегі өте күрделі, қоғамда қордаланған мәселелер шешімін табатын нысан болып табылады. Осы айрықша ғимараттың тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтау барлық қызметкердің парызы. Дегенмен, бұл істе сот приставына жүктелер міндет ауқымды. Осы орайда сот приставының жұмысына аз-кем тоқталып өтсек.

Сот приставы – мемлекеттік қызметке жататын, өзіне жүктелген міндеттерді орындайтын және сот отырысы кезінде залда тәртіп пен тыныштықтың сақталуын қамтамасыз ететін лауазымды тұлға.

Сот ғимаратына кірудің өз тәртібі бар. Сот кез келген адам баса-көктеп, әрлі-берлі өте беретін аула емес екені анық. Онда қатаң сақталар қағидалар бар.

Қауіпсіздікті қорғау тек сот приставы және мамандандырылған күзет қызметкерлерінің ғана емес, басқа сот қызметкерлерінің де міндеті. Сот қызметкерлері сот ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық сезікті заттар мен азаматтардың әрекеттеріне ерекше көңіл аударуды, мұндай жағдай анықталса тез арада сот приставына, кіру бекетіндегі полиция қызметкеріне хабарлап айтуы керек. Адамдардың күзетілетін ғимаратқа және режимдік үй-жайларға кіріп кетуіне, ғимараттан тиісті рұқсатсыз қызметтік құжаттарды және материалдық құндылықтарды алып шығуына, ғимараттан қызметтік құжаттарды және материалдық құндылықтарды ұрлауға, ғимаратқа техникалық байқау құралдарын атыс, суық қаруды, арнайы құралдарды рұқсатсыз кіргізуге жол берілмейді.

Сот приставы сот ғимаратында әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама жасауға, сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық өндірісін қамтамасыз ету мақсатында құқық бұзушыны жеткізуге, құжаттары мен заттарын алуға құқылы. Аталған қызметтер жиынтығы сот приставының тек сот отырысына ғана қатысты бір қыры. Сотта әділдік жүзеге асып, тәртіп пен адамгершілік нормаларынан аттамай, құқықтық жүйенің қатаң сақталуы қамтамасыз етіледі. Ал сот приставы белгіленген құқықтар мен міндеттеріне осы игі іске сай өз септігін тигізеді. Сот ғимаратының қауіпсіздігін сақтау мақсатында әр қызметкер сот приставымен өзара үйлесімде жұмыс істеуі қажет. Бұл дегеніміз соттың, ең бастысы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алғы шарты болып табылады.

Б.ИЗЕНОВ,
Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының аға сот приставы

СЕМИНАР

СЫЙЛЫҚ АЛУ ДА, БЕРУ ДЕ – ҚЫЛМЫС

Байзақ аудандық сотында кеңсе меңгерушісі Е.Жақсыбаевтың бастамасымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Семинарға мемлекеттік сот қызметшілері қатысты.

Е.Жақсыбаев өзінің баяндамасын сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөніндегі ақпараттан бастады. Ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қызметінің басым бағыты сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу болып табылатындығын атап өтті. Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдарын қатысушыларға егжей-тегжейлі түсіндірді.

Кеңсе меңгерушісі сот мамандарының назарын «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңында көзделген құқықтар мен міндеттерді мүлтіксіз орындауға аударып, осы заңға сәйкес сыйлық алу және

беру мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтар ретінде қарастырылатынын, бұған жол берген мемлекеттік қызметші заңмен тәртіптік жауапкершілікке тартылатынын жеткізді.

Семинар соңында Е.Жақсыбаев мемлекеттік қызметшілерді процессуалды емес байланысқа түспеуге, сондай-ақ процеске қатысушылардың арасында мүдде жанжалына, арандатушылыққа жол бермеуге шақырды.

Байзақ аудандық сотының баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

КИЕ

АРЫЗЫН ҚАЗАҚША ЖАЗАТЫНДАР АЗ

Қазақ тілін қоғамдық қатынастардың барлық саласында, оның ішінде мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізуде кең қолдану, мәртебесін көтеру өзекті мәселе. Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сай азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Сот төрелегін жүзеге асыруда сот ісінің тілі туралы қағидат қатаң сақталынады. Көбінесе, талап арыздардың орыс тілінде берілгеніне байланысты азаматтық істер осы тілде қаралады.

Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының өндірісіне 2021 жылы азаматтар мен заңды тұлғалардан барлығы 11303 талап арыз түскен, оның тек 514-і (5%) ғана қазақ тілінде берілген. Яғни, сот төрелігін мемлекеттік тілде жүргізу өз мәртебесіне сай деп айтуға ерте. Қазақ тілінде жүргізілген азаматтық істердің өзі көп жағдайда аудармашының қатысуымен қаралады. Сотта қазақтардың «мен қазақ тілін білмеймін, маған аудармашы қажет» деуі үрдіске айналып бара жатыр. Тіпті, бірнеше жыл некеде тұрған ерлі-зайыптылардың ажырасу туралы азаматтық ісіне де жауапкердің арызы бойынша аудармашы қатысқан кез болған.

Немесе, жеке тұлға банктік қарыз шартын даулап сотқа қазақ тілінде талап арыз берген. Алайда банк сотқа хат жолдап «Өкіліміз (ұлты - қазақ) қазақша білмейді, іске аудармашы қатыссын» деді. Өтініш орындалды. Себебі, заң бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдар аудармашы қызметін тегін пайдалануға құқылы, оны сот қамтамасыз етуге тиіс. Дегенмен, банкте мемлекеттік тілді жақсы меңгеріп, сот процестеріне қатыса алатын бірде-бір заңгердің болмауы өкінішті жағдай.

Қ.ЕРМАҒАНБЕТОВА,
Есіл аудандық сотының судьясы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Қазақ зиялысы Мағжан Жұмабаев «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ», – деген екен. Бір ғасыр бұрын айтылса да бұл тағылымды сөз әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Қоғамның дамуымен қатар ана тілімізді сот саласында берік орнықтыру, оның беделін көтеру мақсатында жергілікті сот кеңселерінде тыңғылықты жұмыстар атқарылуда. Мемлекеттік тілдің мәртебесі арқылы халықтың сотқа деген сенімі, сот билігінің беделі артады. Жергілікті соттар кеңселері іс-қағаздарын мейлінше қазақ тілінде жүргізіп, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізудің сапасы артуда.

Жаңақала аудандық сотында мемлекеттік тілде қаралған істердің жалпы саны жоғары. Мемлекеттік органдардан, ұйым-кәсіпорындардан сотқа жүгінгенде яғни, дауласушы тараптардың басым бөлігі қазақ тілінде сауатты арыз жазуды үйренген.

Жалпы, елін, жерін сүйетін әрбір азамат тіл жанашыры болуға тиіс. Тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайтынын әр перзент ұғынған жөн.

А.ИСКАКОВА,
Жаңақала аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕГЕН ХАЛЫҚ БІРІКПЕЙДІ

Мемлекеттік тіл – қоғамды ортақ істерге жұмылдыратын, біріктіретін, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал. Мемлекеттік тіл мемлекеттік маңызды мәселе болғандықтан, ол азаматтық, патриотизм, мәдени тұтастық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп сезіне де алмайды.

Тарихтан белгілі, қандай ел болмасын бостандық алған соң ең бірінші мемлекеттік тілінің мәселесін шешеді. Қазіргідей әлемдік бәсеке жағдайында күшті ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресуге қауқарлы. Күшті ұлт болу үшін күшті мәдениет қалыптасу керек. Сонда ғана әлемдік өркениет кеңістігінен өзіне тиесілі орынды ала алады. Жүрегі елім деп соғар әр азаматтың елге деген, тілге деген құрметі мәңгі сөнбеуі керек! Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті. Онсыз ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Қазақ тілін білуге міндеттеу ешкімнің құқығына қол салғандық болмайды. Мемлекеттік тілді білу – кәсіби талап.

А.УЮМДАСОВА,
Орал қаласының мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

Тіл – мемлекет тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін көтеру болмақ. Мемлекеттік тілді дамыту – бәрімізге ортақ парыз.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті, өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының барша азаматтардың мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті» – делінген.

Қоғам дамуының басқа салаларымен қатар мемлекеттік тіл де тең дәрежеде дамуы қажет, өйткені ол мемлекет тәуелсіздігінің баянды болуына негіз жасайды.

Г.ОМАРОВА,
Көкшетау қаласының мамандандырылған тергеу сотының бас маманы

ЖЕГІ ҚҰРТ

БЕЛСЕНДІ ҚОҒАМ **ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢЕДІ**

Тимур РАИСОВ,
Алматы қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Жемқорлық мәселесі елімізде ұзақ жылдардан бері өзекті мәселе ретінде танылып, кеселге қарсы үздіксіз күрес жүргізіліп келеді. Мемлекет басшысының үндеулері мен жолдауларында да жемқорлықпен күрес тәсілдеріне де бағыт бағдар беріліп, кешенді түрде жемқорлықпен күрестің жалғаса беретіні ұдайы айтылып отырады. Яғни, жемқорлықпен күрес елімізде бір сәт те тоқтаған емес.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бір тәсілі, жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін кесел. Сондықтан еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі жемқорлықпен күресу. Осы орайда атап өтерлік жайт – жемқорлық жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді. Сондықтан жемқорлықты жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті күшейте түсуіміз керек. Жемқорлыққа қарсы заңнамалар да уақыт сұранысына қарай үнемі жетілдірілу үстінде.

Жалпы, кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып саналады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да, еліміздің мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы жемқорлықпен күресу ретінде жылдар бойы күн тәртібінен түспей келеді. Жалпы, қоғамымыздың жемқорлыққа қатысты қарсылығын тудыру мақсатында да кеселмен күрес жалғаса бермек. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Демек, жемқорлықпен күресте тұтас қоғамның қарсылығы маңызды.

Өте өкінішті жайт, қоғамымызда мемлекеттік қызметшілерге қатысты жемқорлық та аз айтылмайды. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстары және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайдылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, ұжыммен жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сондықтан жемқорлықпен күресті алдымен мемлекеттік қызметшілерден бастауымыз керек.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жеңіл ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Сондықтан жемқорлықты түбірімен жою қоғамның басты міндеттерінің бірі болып қала бермек!

БІР МҮДДЕ

АЛҚА БИЛЕР ДЕ МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 қаңтарда қабылданған «Алқабилер туралы» заңына сәйкес алқаби дегеніміз – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған ҚР азаматы, ал алқабиге кандидат дегеніміз – ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес кейіннен алқабилерді ірікте у рәсіміне қатысу үшін алқабиге кандидаттардың тізіміне енгізілген азамат.

Сотта алқаби ретінде қатысу үшін іріктелген адам «Алқабидің міндеттерін атқаруға кірісе отырып, өз міндеттерімді адал және бейтарап атқаруға, сотта қаралған барлық дәлелдемелерді, дәлелдерді, істің мән-жайын назарыма алуға, ерікті азамат және әділ адам ретінде істі өзімнің ішкі нанымым мен ар-ожданым бойынша шешуге салтанатты түрде ант етемін» деген мазмұндағы ант қабылдайды.

Алқаби – құрметті міндет бола тұрғанымен, кейбір азаматтар сотқа алқабидің міндеттерін атқару үшін шақыруларға салғырт қарап, сотқа келуден бас тартып, кейде тіпті сотқа дәлелсіз себептермен келмей жатады.

Сот белгілі бір азаматты сотқа алқабиге кандидат ретінде шақыру үшін оған сотқа келу туралы хабарлама жолдайды. Бұл хабарлама сот отырысы басталғанша 7 тәулік бұрын алқаби кандидатқа пошта байланысы арқылы немесе сот қызметкері арқылы қолма-қол табыс етіледі. Алқабидің сотқа келуі туралы хабарламаны алған азамат міндетті түрде сотқа келуі шарт, ал сотқа келе алмайтын ерекше жағдайларда бұл туралы сотқа сот отырысы басталғанша алдын ала хабарлауға тиіс.

Сотқа алқабиге кандидат ретінде шақырылған кейбір азаматтар қылмыстық іс бойынша сотталып жатқан адамдардың кейбіреулері бұрын бірнеше рет қылмыс жасап, түрменің дәмін татқан адамдар болғандықтан, өзінің жеке басының және отбасының, атап айтқанда балаларының, қауіпсіздігі үшін қорқып, сотқа қатысудан бас тартады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Бұл тұрғыда ешқандай қорқудың қажеті жоқ, өйткені «Алқабилер туралы» заңға сәйкес алқаби, оның отбасы мүшелері және олардың мүліктері мемлекеттің қорғауында болады. Егер алқабиден тиісті өтініш келіп түссе, сондай-ақ алқабидің қауіпсіздігіне немесе оның мүліктерінің сақталуына қауіп төнудің басқа да айғақтары анықталса, онда сот алқабидің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданады.

Алқабиге кандидаттардың тізімін облыстың жергілікті атқарушы органы, яғни облыстық әкімдік, сайлаушылар тізімдерінің негізінде жасайды.

Алқаби өзінің ішкі нанымы бойынша істің мән-жайын өз бетінше бағалауға және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беруге мүмкіндік алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға; процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға; заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жерді және үй-жайларды тексеріп қарау ісіне, сот тергеуіндегі барлық басқа да іс-әрекеттерге қатысуға; төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты, өзіне түсініксіз басқа да мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға; сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқылы.

Төрағалық етуші судья сот отырысы барысында алқабилерге қойылатын шектеулерді сақтамаған алқабиді сот процесіне одан әрі қатысудан шеттетуі мүмкін. Бұл жағдайда шеттетілген алқабиге айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

Алқабиге бюджет қаражаты есебінен іс бойынша төрағалық етуші судьяның лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төленеді. Алқабиге кандидатқа (алқабиге) іссапар шығыстары да республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі. Алқабидің сотта міндеттерін атқару уақыты еңбек стажын есептеген кезде есепке алынады. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Лауазымды адамның, яғни жұмыс берушінің азаматқа сотта алқаби міндеттерін атқаруға кедергі келтіруі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптарына сәйкес ескерту жасауға немесе он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

М.ЖЕБЕЛХАНОВА,
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі

ТАРАТУ

2. «Қазталов - Жерлестер» қоғамдық қоры, БСН/ЖСН – 180340017981, заңды мекежайы/ тіркеу/ қайта тіркеу мекенжайы – Қазақстан Республикасы, 090070, БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Ш.Шарафутдинов көшесі, 23/1, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Талап шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Құрманғазы көшесі №16 үй 2 пәтер. Телефо: 87771803333.

3. «Golden Beach Resort» ЖШС, БСН 191040008282, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Аль-Фараби ауданы, Сауле ықшам ауданы, Зерде көшесі 45 үй.

4. «Шалкар 2» ЖШС, БСН 210640030105, өзінің «Маншук-АЭ» ЖШС-не қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, индекс 010021, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Талапкер ауылы. Тел.: 87756604067.

7. «Ломбард «Маржан» ЖШС, БСН 060940006626, өзінің ломбард ретіндегі қызметін тоқтататыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, 132 үй. Тел.: 87282242797.

МҰРАГЕРЛІК

5. 1 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған Иманов Султан Аженовичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы,Орынтаев к.,60/2. Тел.87773677972.

6. «zhUSan GOLD» ЖШС, БСН 180340001211, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы,Отырар көшесі, 10 үй, индекс 010000. Тел.87770385961.

Жамбыл облыстық сотының ұжымы және ардагерлері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының экс-төрағасы, жерлесіміз Мұсабек Тұрғынбекұлы Әлімбековке жұбайы

Бақыткүл Байдалықызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы салауат болсын!

«Қазақстан Республикасының отставкадағы Жоғарғы Сот судьялары» қоғамдық бірлестігінің мүшелері әріптесіміз Мұсабек Тұрғынбекұлы Әлімбековке жұбайы

Бақыткүл Байдалықызының

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы, Соттар әкімшісінің басшылығы, Қарағанды облыстық судьялар одағы филиалы, Қарағанды облыстық сотының бұрынғы төрағасы Әлімбеков Мұсабек Тұрғынбекұлына **жұбайының**, Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы Жандос Мұсабекұлына **анасының** дүниеден өтуіне байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын! Артында қалған жақындары мен туған-туыстарына сабыр тілейміз. Алла алдынан жарылқасын!

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппарат қызметкерлері сот жүйесінің ардагері, Жоғарғы Соттың бұрынғы төрағасы Мұсабек Тұрғынбекұлы Әлімбековке жұбайы

Бақыткүл Байдалықызының

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппарат қызметкерлері Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы Жандос Мұсабекұлына анасы

Бақыткүл Байдалықызының

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Әскери Сотының судьялары мен аппарат қызметкерлері Әскери Соттың төрағасы Жандос Мұсабекұлына анасы

Жапақова Бақыткүл Байдалықызының

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппарат қызметкерлері Қостанай облыстық сотының судьясы

Ғалия Ғалиханқызы Ержанованың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме.
Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

Түркістандағы тылсым түн

(Соңы. Басы 1-бетте)

Келген бетте Арсен мен Ильдарды кезек-кезек құшақтап жылай сөйледі. «Байғұс әпкем» деп ботадай боздағанда көзінен сора-сора жас ағып, онсыз да естері шығып тұрған әкелі-балалы екеу оны әрең дегенде жұбатып алды. Ұзын сарының көзі бейтаныс жігіттің дәкемен таңылған оң қолына түсті. Ары-бері қозғалғанда қолын аздап ауырсынатын сияқты. Бірақ онысын өзі сездіргісі келмейтіндей көрінді. Сәлден соң Ильдар: «Әлішер, қолыңа не болған?– деп еді анау кібіртіктеп: «үйде жұмыс істеп жатып жарақаттап алдым. Жарайды, қол қайда барар дейсің. Жазылады ғой, бастысы әпкем аман болсыншы. Қайда жүр анау екі қарақшы? Полиция оларды босатып жіберді дей ме? Көрсетші маған, өз қолыммен ана дүниеге аттандырайын!» – дейді тапал бойлы жігіт ышқына сөйлеп.

Осы сәт ұзын сары да бөлімше алдында тұрған үшеуге жақындап қалған. Полицейді көрген бейтаныс жігіт бірден дүрсе қоя берді!

– Әпкемнің ісін қарап жатқан сенбісің? Жұлдыз санап, шошқа тағалап жүрмісің? Анау екі нақұрысты тайраңдатып қойғандарың не? Сендер бар ғой, сендер, оңбайсыңдар!

Суырдың айғырындай шақылдаған тапал жігіт ызаға булығып қалшылдап кетті. Оны қапсыра құшақтаған Арсен басу айтып әлек. Арашалаған сайын ананың да қоятын түрі жоқ. «Менің әпкем ауруханада төсек тартып жатыр. Ал анау екеуі бостандықта сайрандап жүр. Оларды ұстап жазаламайтын болсаңдар, біз бар ғой сендердің үстеріңнен шағымданамыз! Жоғарғы Сотқа жүгінеміз!»

Бейтаныс

Ұзын сарының алқымынан алуға шақ тұрған бейтаныс жігітті Арсен сүйрелей жетелеп сыртқа алып шықты. Ұзын сары бейтаныс адамның бұл қылығынан әлдеқандай бір жасандылықты аңғарғандай болды да бір түрлі сезіктеніп қалды. «Мынаның қимыл-қозғалысы бір түрлі екен, бір гәп бар-ау, әлде өзінің табиғаты осындай ма екен? Жас та болса қылмыскердің талайын көрген із кесушіге мына қортықтың жүріс-тұрысы аса ұнай қойған жоқ.

Іле-шала ұзын сары да сыртқа бет алды. Есік алдына шыққан тапал жігіт темекі тартатын орынға барып қалтасынан шылымын алып шықты да бір талын аузына қыстырды. Оны іштегі терезеден ұзын сары қас қақпай бақылап тұрған еді. Темекі қорабы тура қоқыстағы қанға бөккен қораптан аумайды. Бұл қалай? Кездейсоқтық па? Әлде шынымен де «қой терісін жамылған қасқыр» бұлардың танауының астында жүр ме? Ұзын сарының басы қатты. Десе де, күдігі арта түскендей болды. Ол дереу ішке еніп жансақтау бөлімі жаққа беттеді. Ильдарды шақырып алып жөн сұрауға асыққан.

– Жаңағы жігіт кім?

– Біздің туысқанымыз. Есімі – Әлішер. Менен екі жас үлкен. Жиен ағам ғой.

– Оны неге сұрадыңыз?

– Жай білгім келді.

– Неге сонша ашулы жүр?

– Әпкесін қатты жақсы көреді ғой.

– Қолына не болған?

– Үй шаруасында кесіп алғанға ұқсайды. Қазір уайымнан жүйкесі сыр беріп тұрғаны болмаса, өзі сондай аққөңіл жан. Айналыспайтын ісі жоқ. Біз осыдан екі ай бұрын машинамызды сатпақ болғанбыз. Ескі көлікті табан астында кім ала қояр дейсіз? Әкем екеуміз өткізе алмай қиналдық. Сол кезде жиен ағамның көмегі тиді. Әлішер клиент тауып көлігімізді жақсы бағаға өткізіп берген, – деді Ильдар ризашылық кейіп танытып. Содан соң: «Ол ақша енді жоқ», – деді сейфті меңзеп дауысын нығарлай күрсініп.

– Ал ақшаның қайда тұрғанын Әлішер білетін бе еді? Ильдар иығын қиқаң еткізді де: «жоқ»,– деді. Сосын тағы да мұны неге сұрадыңыз?– деді сұраулы жүзбен.

– Жәй. Әлденеге қатысы бар ма дегенім ғой...

– О, не дегеніңіз? Сіз сонда?..

– Қазір нақты ештеңе айта алмаймын, – деді де ұзын сары жөніне кетті. Ильдар аң-таң. Осы полицейлердің қылмыскерді жоқ жерден іздейтіндері несі? – деп ойлады ол.

Ертесінде ұзын сары Ильдарға телефон соқты да жиен ағасының мекенжайын сұрады.

– Мақұл, мекенжайын берсем берейін. Бірақ сіз бекер күдіктенесіз. Ертең кінәсіз болып шықса жақынымыздың бетіне қалай қараймыз?

Ильдар тұтқаны әкесіне берді. Ұзын сары Арсенге де мән-жайды түсіндірмек болып еді, ол ертоқымын астына алып тулай жөнелді.

– Ойбай-ау, мен оған Ильдардан да артық сенемін ғой. Полицей мырза, сіз не деп тұрсыз? Өтінемін, олай жасай көрмеңіз. Ұят болады. Мен оған үзілді-кесілді қарсымын! – деген Арсен әңгімені шорт кесті.

– Арсен мырза, Сіз барлығын дұрыс түсініңіз! Әлішерге қоятын бірнеше сауалым бар. Егер мендегі күдік сейілсе, оған тиісіп нем бар! Мені де түсініңіз. Бұл менің міндетім. Адам өміріне қатысты іс қаралған кезде біз барлық деректер мен дәйектерді мұқият қарауымыз керек, – деді із кесуші.

Тексеріс

Түс кезі. Ұзын сары салып ұрып Әлішердің үйінің маңына келді. Көлігін тасалау маңға қойып күдіктінің үйін бақылауға көшті. Жым-жырт. Биік дуалдан ештеңе де көрінер емес. Амалы таусылған ол дуалдың қоңырауын басты. Бұл кім?– деді арғы жақтан әйел адамның дауысы.

– Әлішердің үйі ме бұл?

– Иә.

– Сіз кім боласыз?

Ұзын сары өзін таныстырды.

– Қандай жұмыспен келдіңіз?

– Оны тек Әлішердің өзіне ғана айта аламын.

– Ол үйде жоқ. Қалаға кеткен.

– Түсінікті.

– Үйге қашан келеді?

– Оны білмедім. Бәлкім кешке немесе ертең келетін шығар.

– Оны не үшін іздеп жүрсіз?

– Жай, әлденеге қажет еді. Жарайды, алаңдамаңыз, кейін бір соғармын.

Ұзын сары үйден қашығырақ тұсқа барып Әлішерді күтіп алуға бекінді.

Бұл кезде күн кешкіріп қалған болатын. Әлішер досымен бірге жаңадан алған көлігімен үйдің алдына келіп тоқтады. Қуанышын әйелімен бөлісуге асығып тіпті рөлдегі дабыл тетігін екі-үш рет басып та үлгерді.

Машинадан түсіп жатқан екі жігіттің өзара көңілді әңгімесін ұзын сарының: «Сәлем, жігіттер!» – деген сөзі бөліп жіберді.

Екі дос дауыс шыққан жаққа жалт қарасты.

Ұзын сары төс қалтасынан куәлігін суырып алды да өз-өзін таныстырған соң:

– Әлішер Жәлелов мырза, амансыз ба!?– деді.

– Иә. Айтпақшы біз таныс екенбіз ғой. Сіз не істеп жүрсіз мұнда? Әлде анау екі нақұрысты ұстадыңыз ба?

– Жоқ. Бірақ дәл қазір сіздің менімен бөлімшеге баруыңыз керек.

– Не үшін?– деді Әлішер.

– Оны бөлімшеге барған соң түсіндіремін. Әпкеңізге қатысты сұрақтарым бар еді.

– Мақұл, барсам барайын. Тек әпкем үшін ғана. Әйтпегенде бос әңгімеге шығындайтын көп уақытым жоқ, – деді ол.

Бөлімшеге барған соң полиция күдіктінің тамырын басып, әр жерден бір сұрақ қойып көрді.

– Жәлелов мырза! Арсен Епишевтің үйі тоналған күні қайда болдыңыз?

– Қайда болғаны қалай? Әдеттегідей үйде болдым.

– Әпкеңіздің соққыға жығылғанын кімнен естідіңіз?

– Жездем Арсеннен.

– Ал, қолыңызға не болған?

– Үйде, жарақаттап алдым.

– Темекі шегесіз бе?

– Иә.

– Оны неге сұрадыңыз?

– Жай білгім келді.

– Полиция мырза. Түсінесіз бе? Мен бұл жерге әпкеңе қатысты сұрақтар қоямын деген соң ғана келіп отырмын. Ал сіз болсаңыз болмайтын бірдеңелерді айтып менің басымды қатырып отырсыз! Былай ашуыма тие берер болсаңыз үстіңізден шағымданамын. Әлішер сұқ саусағын шошайтып, қоқилана түсті.

– Кешіріңіз, мен де ерігіп отырған жоқпын. Бұл біздің жұмысымыз.

– Сонда, темекі шегетінімді айту үшін бөлімшеге келуім керек болды ма? Уақытымды босқа алып отырсыз. Әлде сіз анау жанған қораны темекі тартып мен өртеп жіберді деп отырсыз ба? Мұныңыз енді еш қисынсыз әңгіме. Қораға тығылып темекі тартатын мені жас бала дейсіз бе?

Әлішер бөлімшені басына көтере қарқылдай күлді.

– Көп сөзді қойып, қалтаңыздағы шылымды шығарыңыз.

– Ал, шығардым. Не болды?

Әлішер қалтасынан әйелдерге арналған «Glamour» темекісін алып шықты.

– Нәдия Епишеваны жәбірлеген қылмыскер де тура осындай темекі шеккен.

Әлішер көзінен жас аққанша күлді. Сонда не жер бетінде «Glamour» темекісін мен ғана шегеді дейсіз бе? Ойбай-ау, екінің бірі, әйелі бар, қызы бар, жігіті бар, шалы бар осы темекіні жапатармағай шегеді ғой қазір. Сіз не мені мазақ қылып отырсыз ба? Әлішер орнынан тұрмақшы болып еді, ұзын сарының көмекшісі оны иығынан басып төмен қарай нығарлай түсті.

– Әлішер мырза, сабыр сақтаңыз. Енді сізден қан сараптамасын алуымыз керек.

– Не үшін?

– Кінәсіз екеніңізді дәлелдеу үшін.

– Сонда не «Glamour» темекісін шегетіндердің қаны ерекше болады дей ме?

– Ұзын сары үстелдің тартпасын ашты да арнайы пакетке салынған әлденені алып шықты.

– Бұл не? – деді Әлішер үрейленіп.

– Бұл қылмыс болған үйдің кіреберісіндегі қоқыс жәшігінен табылған темекі қорабы. Сыртына қан жағылған. Әрі бұл қанның құрамы сейфтің есігіне жағылған қанмен сәйкес келеді. Ұзын сары қолындағысын Әлішердің алдына сарт еткізіп тастай салды. Әлішер сонда ғана ұзын сарының өзінің соңынан бостан-босқа түспегенін түсінді.

Бақыт та, уақыт та сырғымалы ғой шіркін. Кеше ғана жаңа көлік алып бостандықта сайрандап жүрген Әлішер мен досы Махмут бүгін тергеу изаляторында отыр.

Сол бір түнде болған қаралы оқиғаның анық-қанығына жету құқыққорғаушылар үшін оңайға түскен жоқ. Алдымен арнайы жасақ Әлішердің үйін түгел тінтіп шықты. Үйінен бәлендей күдікті ештеңе табылмағанымен, ауладағы өсімдіктер арасынан өсіруге тыйым салынған құрамында есірткі заты бар ірі мөлшердегі сора өсімдігі табылды. Ол ол ма, жаңадан алған көлігінің бұрынғы иесі де іздестіріліп, Әлішер мен Махмуттың машина иесіне берген ақшаларынан да қанның дақтары анықталған.

Айтса адам сенбес жаңалықты Арсеннің әулетінен әзірге ешкім естіген жоқ. Күдіктілер ұсталыпты деген сөз ғана дәтке қуат, көңілге медеу болып тұр. Оның үстіне үй маңында кім көрінгенмен ілінісіп жүретін Артур мен Макс та зым-зия жоқ болып кетті. Олардың полиция қолына қайтадан түскеніне туыстары бек сенімді еді. Ағайын-туыс, сот болатын күнді асыға күтіп, іштей тынып отыр.

Үкім

Сол түні Нәдия тағы да ұйықтай алмай шықты. Әлсіз денесі өз ырқына әрең бағынатын Нәдияның буын-буыны қақсап, көрер таңды көзбен атырды. Қаншерлердің жүзін көруге бір түрлі батылы бармайтын секілді. Сонда да өзіне қол жұмсаған қылмыскерлердің көзіне тура қарап: «Менен сендерге не керек еді?»– деп сұрағысы келетін тәрізді.

Ертеңгісін сот залына Арсен мен Нәдияның ет жақындары тегіс жиналды. Тек Әлішер ғана ұшты-күйлі жоқ. «Тыныш! Сот келе жатыр!» – деген дауыстан Нәдия селк ете түсті. Сол-ақ екен үстіне кәсіби киімі қона қалған судьяның да төбесі көрінді. Қоршаудағы орында отырған қылмыскерлердің бет-жүзі әлі ешкімге анық көріне қойған жоқ.

Сот барысында жәбірленуші Нәдия Епишева оқиғаның қалай болғанын айтып берді: «Күйеуім мен ұлым аяқ астынан түн ішінде жанған қораны сөндіруге кеткен. Сүт ішпек болып ас бөлмеде піскен сүтті сапырып тұрған сәтімде тырс еткен дыбысты естігендей болдым. Бірақ ешкімнің үйге кіргенін байқаған жоқпын. Тек қайнаған сүтті кесеге құяр кезде ғана ту сыртымнан біреу қапсыра құшақтап, кеңірдегімнен шап берді. Бетперде киген адамның түрін анық көре алмадым. Бар білетінім қаскүнемнің бойы ұзын, арықша келген адам болды»,– дейді Нәдия өткен сәтті өкси есіне алып.

Артынша судья Тынысбеков: «шымшытырық оқиғаға нүкте қоятын кез жетті. Бұл тұрғыда криминалистер мен тергеушілердің еңбегі ерен. Осы оқиғаға кінәлілер жәбірленушінің туысы – Әлішер Жәлелов пен оның сыбайласы Махмут Саттаров, – дей беріп еді сот залы шулап кетті. Әсіресе, Арсен мен Нәдияның туыстары не болғанын түсінбей есеңгіреп қалды.

Судья оқиғаның қалай өрбігенін бүге-шігесіне дейін тарқата айтып берді. Тіпті, Әлішердің үйінен өсіруге тыйым салынған өсімдіктің тәркіленгенін естігенде туған-туыстар не дерін білмей жағаларын ұстап, кірерге тесік таппай қысылған.

– Нәдияның жан дүниесі алай-дүлей. Өз құлағына өзі сенбей екі оттың ортасында қалғандай күй кешті. Ана жүрегі шыдасын ба кенет: «Әлішер, айтшы, балам! Саған мыналар қылмысты күшпен мойындатып отырған жоқ па?– деді Нәдия жанұшыра айқайлап.

«Балам демеңіз оны. Сот қылмысы дәлелденген соң айтады. Бұл нағыз екіжүзді қылмыскер!» – деді біреулер артқы жақтан дауыстап.

Әлішерде үн жоқ. Баласынан кем көрмейтін жанның осыншалықты қатыгездікке барғанына қайран қалған ана етегі жасқа толып жылай берді.

– Есікті бұзбай үйге қалай кірдіңіздер? – деді судья айыпталушы екеуге қарап.

Әлішер басын төмен салып: «Осыдан бірнеше күн бұрын Арсен жездемнің үйіне қонаққа барғанмын. Нәдия әпкем қолыма үйдің кілтін ұстатты да мені дүкенге жұмсады. Осы сәтті пайдаланып дүкен маңындағы шеберханаға кілттің көшірмесіне тапсырыс бердім,– деді күмілжіп. Күшік кезінен асыраған иті өзін қапқан Арсен ызадан жарылып кете жаздап, өз-өзін әрең ұстап отыр.

Қарақшылықпен айналысып, адам өміріне қауіп төндіретін сыбайласқан қылмысты ұйымдастырғандары үшін, әрі тыйым салынған сора өсімдіктерін өсіргені үшін және жасаған қылмыстарынан жалтармақ болғаны үшін судья Тынысбековтың үкімімен Әлішер Жәлелов 7 жылға, Махмут Саттаров 5 жылға сотталды.

Іштен шыққан жаудың ісіне қапаланған туған-туыстар Нәдияның аман-есен жаны қалғаны үшін қуанса, кейбірі өрімдей жас жігіттің өз тағдырын өз қолымен талқандағанына іштері удай ашыды.

Екіжүзді екі жігіт кінәлі екендерін мойындағанымен, кешірім сұрап жалынған да жоқ. Үнсіз ғана автомат асынған солдаттардың қолтығында кісендері сылдырлап сот залынан шығып бара жатты.

Алпысбай ӘБДІЛҰЛЫ
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №9 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31